

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросы
басшысының 2025 жылғы
«2» мамырдағы № 105
бұйрығына 2-қосымша



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Санақ персоналына арналған нұсқаулық

Астана, 2025 жыл

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер

- | | | |
|----|--|---|
| 1. | <u>Негізгі терминдер мен анықтамалар</u> | 3 |
| 2. | <u>Санақ жүргізудің жалпы тәсілдері</u> | 4 |

2-тарау. Санақ жұмыстарын жүргізу тәртібі

- | | | |
|----|---|----|
| 1. | <u>Санақ жұмыстарын жүргізу</u> | 6 |
| 2. | <u>Санақты аудандастыруды ұйымдастыру</u> | 8 |
| 3. | <u>Санақта цифрлық құралдарды қолдану</u> | 10 |
| 4. | <u>Сапаны бақылау және есеп беру</u> | 12 |

3-тарау. Санақ персоналының функциялары мен міндеттері

- | | | |
|----|---|----|
| 1. | <u>Санақ персоналының міндеттері</u> | 12 |
| 2. | <u>Респонденттермен тиімді өзара іс-қимыл негіздері</u> | 15 |
| 3. | <u>Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету</u> | 18 |

4-тарау. Санақ парақтарын толтыру бойынша түсіндірмелер

- | | | |
|----|--|----|
| 1. | <u>1-ААТ санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер</u> | 19 |
| 2. | <u>2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер</u> | 20 |
| 3. | <u>3-ЖҚШ санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер</u> | 34 |

Қосымша

- | | | |
|-----------|---|----|
| 1-қосымша | <u>Ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлім басшысы мен нұсқаушының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық</u> | 40 |
| 2-қосымша | <u>Интервьюерлер үшін сауал салуды қауіпсіз жүргізу жөніндегі жадынама</u> | 44 |
| 3-қосымша | <u>Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар</u> | 47 |
| 4-қосымша | <u>2-АШК/ШФҚ жауап нұсқаларын таңдауға арналған анықтамалықтар мен жіктемелер</u> | 48 |
| 5-қосымша | <u>Ауыл шаруашылығы санағына қатысқаны туралы анықтаманың үлгісі</u> | 61 |
| 6-қосымша | <u>Ақпараттық хаттың үлгісі</u> | 62 |

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі терминдер мен анықтамалар

1) бастапқы статистикалық деректер – статистикалық нысандарда алынған немесе тіркелген деректер (*бұдан әрі – деректер*);

2) арнайы құрылған комиссия – ұлттық санаққа дайындыққа және оны жүргізуге байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаулық мәселелерді шешу үшін құрылған комиссия;

3) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, әкімшілік деректердің сапасын айқындайтын мемлекеттік орган;

5) интервьюер – жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде респонденттер мен үй шаруашылықтарына сауал салуды жүзеге асыратын адам;

6) респондент – статистикалық әдіснамаға сәйкес статистикалық байқау объектісі бойынша деректерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға және оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

7) нұсқаушы – санақ учаскелерінің толық қамтылуына бақылау жүргізетін адам;

8) санақ персоналы – уәкілетті орган осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұлттық санақ жүргізуге тартатын адамдар;

9) статистикалық нысан - статистикалық құжаттың бастапқы статистикалық деректерді белгіленген тәртіппен алуға немесе тіркеуге арналған қағаз немесе электрондық жеткізгіштегі формуляры (бланк, есептілік нысаны, сұрақтама, сауалнама, санақ парағы және басқа да формулярлар);

10) ұлттық санақ – халық санағын және ауыл шаруашылығы санағын қамтитын, статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті орган жүргізетін арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау;

11) әкімшілік деректер – бастапқы статистикалық және балама деректерді қоспағанда, әкімшілік дереккөздер қалыптастыратын жеке немесе заңды тұлға жөніндегі жеке-дара сандық (сандар көмегімен өлшенетін) және (немесе) сапалық (белгілі бір қағидат және (немесе) белгі бойынша құрылған) деректер және шаруашылық бойынша есепке алу деректері;

12) үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект;

13) шаруашылық бойынша есепке алу – үй шаруашылықтары мен шаруа және (немесе) фермер қожалықтары бойынша әкімшілік деректерді қалыптастыру процесі;

14) ауыл шаруашылығы құралымдары (бұдан әрі – ауылшарқұралымдары) – ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары;

15) жеке қосалқы шаруашылық – қызметі ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған халық шаруашылығы;

16) шаруа немесе фермер қожалығы – адамдардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі.

2. Санақ жүргізудің жалпы тәсілдері

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ауыл шаруашылығы санағы ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқауды білдіреді және оны жүргізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысымен 2025 жылғы 1 тамыздан 20 қазан аралығында Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы шешім қабылданды. 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру Арнайы құрылған комиссияға жүктелген.

Ауыл шаруашылығы санағы (бұдан әрі – санақ) – бұл аграрлық сектордың жай-күйі туралы өзекті және сенімді алғашқы статистикалық деректерді алу мақсатында БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО БҰҰ) халықаралық ұсынымдарына сәйкес жүргізілетін ауқымды және маңызды іс-шара.

Жер және егіс алқаптары, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстары, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары, жануарларды ұстауға және өнімді сақтауға арналған өндірістік ғимараттар мен үй-жайлар, сондай-ақ аграрлық сектор инфрақұрылымының басқа да элементтері ауыл шаруашылығы санағының объектілері болып табылады.

Ауыл шаруашылығы санағының субъектілері Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 01.1-01.6, 03.2 «Өсімдік шаруашылығы, Мал шаруашылығы және Балық шаруашылығы» кодтарына сәйкес ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары), дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары (бұдан әрі – ДК/ШФҚ) болып табылады. Санаққа сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын үй шаруашылықтары (бұдан әрі – ЖҚШ) қатысады.

Деректерді жинау үшін:

- 1-ААТ (ЖҚШ) – «Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)»;

- 2-АШК/ШФҚ – «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары»;

- 3-ЖҚШ – «Жеке қосалқы шаруашылықтар» санақ парақтары қолданылады.

Егер иесінің бірнеше шаруашылығы тіркелген болса, әрбір шаруашылық бойынша деректер бөлек ұсынылады.

Бұл ретте, егер жеке тұлға ауылшаруашылығы кәсіпорнының, фермер қожалығының иесі ретінде тіркелсе немесе жеке кәсіпкер ретінде әрекет етсе және сонымен бірге жеке қосалқы шаруашылықтың (жеке тұрғын үй шаруашылығының) басшысы болса, екі санақ парағын толтыруы қажет:

1) 2 АШК(ШФҚ) – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

2) 3 ЖҚШ – жеке қосалқы шаруашылықтар үшін.

Деректердің қайталануына жол берілмейді: ауыл шаруашылығы кәсіпорны, дара кәсіпкер немесе фермер қожалығы туралы деректер бір сауалнамада, ал ЖҚШ туралы – басқасында көрсетіледі.

Санақ парақтарындағы деректер нысандардың орналасқан жері бойынша тіркеледі. «Жер ресурстары және оларды пайдалану. Өсімдік шаруашылығы» және «Мал шаруашылығы» бөлімдерінде ақпарат егіс алқаптары немесе мал шаруашылықтары орналасқан әрбір аумақ үшін жеке көрсетіледі. Басында ауылшаруашылық жерлері және/немесе мал шаруашылығы орналасқан жері нақтыланады. Егер олар бірнеше аумақта орналасқан (бір елді мекеннің шегінде емес) болса, респонденттен әрбір жер учаскесі және/немесе мал фермасы бойынша жеке-жеке сұралады.

Санақ персоналы деректерді толық жинау мен өңдеуді қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығы санағын сәтті жүргізуде негізгі рөл атқарады. Санақ персоналының дербес, бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерге қолжетімділігі болады.

Санақ персоналы респонденттерге санақтың мақсаттарын түсіндіруге, жиналған деректердің нақтылығы мен құпиялылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ дұрыс деректер алу үшін респонденттермен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

Өңірлік деңгейдегі санақ персоналы мыналардан тұрады:

- *ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу бөлімі* (бұдан әрі – Санақ бөлімі) процесті үйлестіруді, әдіснамалық сүйемелдеуді және деректер сапасын бақылауды жүзеге асырады (10 ай кезеңге);

- *санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушылар* (бұдан әрі – Нұсқаушы) интервьюерлерді оқытуға, далалық жұмыстарды ұйымдастыруға, интервьюерлердің жұмысын, жиналған деректерді тексеруге және деректерді жинау әдіснамасын сақтауға жауапты (7 ай кезеңге);

- *интервьюерлер* респонденттерге және үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізеді, санақ парақтарын электронды форматта толтырады және деректерді өңдеуге жібереді (30 күн).

Санақ жүргізу процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

- дайындық кезеңі, әдіснамалық түсіндірмелерді, деректерді жинауға арналған статистикалық құралдарды әзірлеуді, пилоттық санақ жүргізуді, санақ персоналын оқытуды ұйымдастыруды, респонденттер мен үй шаруашылықтарының тізімдерін

жасауды және респонденттер мен үй шаруашылықтарының нысаналы жиынтығын айқындауға бағытталған алдын ала аралап шығуды (листингті) жүргізуді қамтиды;

- негізгі кезең, респонденттер мен үй шаруашылықтарына онлайн режимінде сауалнама жүргізуді, сұхбат жүргізуді, деректерді жинауды және деректер сапасын бақылауды қамтиды;

- мәліметтерді тексеру мен түзетуді, нәтижелерді өңдеуді және жиынтық статистикалық ақпаратты қалыптастыруды көздейтін соңғы кезең.

2-тарау. Санақ жұмыстарын жүргізу тәртібі

1. Санақ жұмыстарын жүргізу

Ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызынан 20 қазаны аралығында жүргізіледі. Ол деректерді жинаудың екі негізгі әдісін қамтиды:

sanaq.gov.kz web-қосымшасы арқылы өз бетінше толтыру (CAWI). Бұл әдіс, ең алдымен, ауыл шаруашылығы құралымдарына (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары, дара кәсіпкерлер) арналған, бірақ жеке қосалқы шаруашылықтар үшін де қолжетімді. Респонденттер мен үй шаруашылықтары санақ парақтарын 2025 жылғы 1-31 тамыз аралығында өздеріне ыңғайлы уақытта өз бетінше толтыра алады. Кірістірілген форматты-логикалық бақылаулар енгізілген деректердің дұрыстығын автоматты түрде тексереді және респонденттер мен үй шаруашылықтарына ықтимал қателер туралы хабарлайды, бұл жинау кезеңінде деректердің сапасын арттырады.

Планшеттерді пайдалану арқылы жеке сұхбат жүргізу (CAPI). Бұл кезең 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан аралығында жүргізіледі және жеке қосалқы шаруашылықтарға, сондай-ақ sanaq.gov.kz платформасында онлайн сауалнаманы толтырмаған немесе аяқтамаған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, ШФҚ және ДК-ға бағдарланған. Сауалнаманы деректердің нақтылығын қамтамасыз ете отырып, қателерді жедел анықтауға және түзетуге мүмкіндік беретін кірістірілген форматты-логикалық бақылауы бар планшеттік құрылғылары пайдаланумен интервьюерлер жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы санағының есепке алу күні 2025 жылғы 1 тамыз болып табылады. Бұл санақ парақтарына тек көрсетілген күнге қатысты мәліметтер енгізілетінін білдіреді. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 тамыздан кейін сатып алынған, сатылған немесе шығарылған жануарлар, жер учаскелері, ауыл шаруашылығы техникасы туралы деректер есепке алынбайды.

Жіктелімдер мен анықтамалықтарды пайдалану

Санақ парақтарындағы экономикалық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2019 жылғы 22 ақпандағы №68-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҰК 03-2019 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес толтырылады.

Санақ парақтарындағы көрсеткіштерді әкімшілік-аумақтық байланыстыру Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен

бекітілген ҚР ҰК 11-2021 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес жүзеге асырылады.

Аграрлық секторда өнім түрлерін, ауыл шаруашылығы жануарлары мен көрсетілетін қызметтерді жіктеу Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) анықтамалығына сәйкес жүргізіледі.

Жеке көрсеткіштер (ауыл шаруашылығы жануарларының, ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері, техникалық құралдар мен жабдықтар және т.б.) бойынша санақ парақтарын толтыру 4-қосымшада келтірілген анықтамалықтар мен жіктелімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

(Анықтама: пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін бұл анықтамалықтар ақпаратты жинаудың электрондық жүйесіне біріктірілген және ашылмалы мәзір ретінде көрсетіледі немесе енгізілген сұраудың бірінші әріптері бойынша табылуы мүмкін. Бұл санаттарды таңдау кезінде қателер ықтималдығын азайтуға, толтыру процесін жылдамдатуға және енгізілген деректердің белгіленген жіктелімдерге сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді).

Дала жұмыстарын жүргізу

Далалық жұмыстарды бастамас бұрын санақ персоналын кешенді оқыту көзделген, оның ішінде санақ әдіснамасы, санақ парақтарын толтыру, респонденттермен өзара іс-қимыл қағидалары бойынша нұсқама беру, сондай-ақ планшеттік құрылғы мен мобильді қосымшаны пайдалану бойынша техникалық оқыту көзделген. Оқыту шеңберінде санақ персоналы «Аудандастыру» АЖО жұмысын игереді, форматты-логикалық бақылаулар мен деректерді беру рәсімін оқиды. Планшетке орнатылған бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу «Аудандастыру» АЖО және мобильді қосымшаны пайдаланушының түсіндірмелеріне сәйкес жүзеге асырылады, далалық жұмыстарға шықпас бұрын дағдыларды міндетті түрде тестілеу жүргізіледі.

Алдын ала кезеңнің (1-ААТ нысаны бойынша листинг) және негізгі кезеңнің (2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан аралығында) санағы интервьюерлерді тарта отырып, есеп (тіркеу) учаскелерінің аумағында орналасқан барлық санақ субъектілерін аралау арқылы жүргізіледі.

Интервьюерлер респонденттердің тұратын жерін және (немесе) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді жүзеге асыратын учаскелерді қоса алғанда, олар ауыл шаруашылығы қызметін жүргізу орындарын аралап шығу арқылы деректерді жинайды. Ауыл шаруашылығы құралымдары (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ШФҚ, ДК) жағдайында сауалнама олардың заңды тіркеу орны бойынша жүргізіледі. Қажет болған жағдайда интервьюер респондентпен сауалнама жүргізудің ыңғайлы орны мен уақытын келісе алады.

Ауыл шаруашылығы құралымдарына қатысты санақ жүргізу кезінде сұралатын адам (респондент) кәсіпорын басшысы, шаруа (фермер) қожалығының басшысы, дара кәсіпкер немесе шаруашылық қызметі туралы анық мәліметтері бар олар уәкілеттік берген өкіл бола алады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарға (ЖҚШ) қатысты санақ жүргізу кезінде сауалнама жүргізілетін адам жеке қосалқы шаруашылықтың басшысы – ЖҚШ, жеке тұрғын үй құрылысын жүргізуге бөлінген жер учаскесінің меншік иесі, пайдаланушысы, иесі немесе жалға алушысы не меншігінде ауыл шаруашылығы жануарлары бар адам болады. Сондай-ақ, ЖҚШ басшысының жұбайы болуы мүмкін.

Санақ кезінде олар болмаған жағдайда, шаруашылық қызмет туралы толық және сенімді ақпаратты білетін үй шаруашылығының басқа ересек мүшесі (18 жастан үлкен) жауап бере алады.

Респонденттер мен үй шаруашылықтары құжаттық растаусыз ауызша немесе жазбаша ұсынған мәліметтер негізінде санақ парақтары планшетте толтырылады.

Әрбір планшеттік құрылғыда алдын ала деректерді жинауға, өңдеуге және беруге арналған мобильді қосымша (МК) орнатылған. Деректерді жинау аяқталғаннан кейін интервьюер толтырылған санақ парақтарын «Аудандастыру» АЖО-ға түсіреді. Әрі қарай нұсқаушы енгізілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын бағалай отырып, әрбір санақ парағын тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша тиісті мәртебе белгісі (мақұлданған, нақтылауға жолданған және т.б.) қойылады. Қажет болса, нұсқаушы санақ парақтарын нақтылаулар мен толықтырулар енгізу үшін интервьюерге қайтарады.

Жиналған деректерді «Аудандастыру» АЖО-ға беру қорғалған VPN-арна арқылы жүзеге асырылады. Ұялы байланыс болмаған жағдайда деректер USB кабелі арқылы нұсқаушыға беріледі. Егер нұсқаушы басқа елді мекенде болған жағдайда, интервьюер USB-кабель және ЖАО мекемелерінде МО БКО желісі арқылы ұсынылған қолжетімділікті пайдалану арқылы деректерді «Аудандастыру» АЖО-ға береді. Егер «Аудандастыру» АЖО-ға деректерді беру туралы хабарлама алынбаса, интервьюер бұл туралы нұсқаушыға дереу хабарлайды және күн ішінде жіберілмеген деректерді беруді бақылауды жүзеге асырады және күннің соңында нұсқаушыға деректерді берудің жай-күйі туралы хабарлайды.

Ұялы байланыс болмаған кезде интервьюер жиналған деректерді кемінде 2 күнде 1 рет береді, санақ жүргізу барысы туралы ақпаратты (санақтан өткен респонденттердің саны) интервьюер нұсқаушыға күн сайын береді.

Интервьюерлер санақтан өткен барлық респонденттерге және үй шаруашылықтарына Ауыл шаруашылығы санағына қатысқаны туралы анықтама береді (5-қосымша), ал санақтан онлайн режимде өткендерге санақтың өткені туралы SMS - хабарламалар ұялы телефон (смартфон) нөміріне және «Интернет-сауалнама» (sanaq.gov.kz) Web-қосымшасында тіркелу кезінде көрсетілген электрондық поштаға жіберілетін болады. Интервьюер анықтамаларды олардың жасалуына қарай есеп учаскесі шегінде бірыңғай реттік нөмірмен нөмірлейді.

Санаққа қатысу туралы хабарламалары (SMS/электрондық хат) немесе анықтамалары бар респонденттерге екінші рет сауалнама жүргізілмейді.

Респонденттер мен үй шаруашылықтары тіркелген (тұрғылықты) жері бойынша болмаған немесе тұрғын үйлерге кіру мүмкін болмаған жағдайда, интервьюер сауалнама жүргізу күні мен уақытын келісу үшін интервьюердің байланыс телефоны көрсетілетін респонденттерге арналған ақпараттық хатты пошта жәшігінде қалдыруы қажет (6-қосымша).

2. Санақты аудандастыруды ұйымдастыру

Санақты аудандастыру – бұл ауыл шаруашылығы санағын тиімді жүргізу үшін нұсқаушылық және есеп (тіркеу) учаскелеріне аумақтық бөлу процесі. Сауатты ұйымдастырылған аудандастыру санақ объектілерін толық қамтуды қамтамасыз

етеді, қайталануды және өткізіп жіберуді болдырмайды, сондай-ақ санақ персоналына жүктемені оңтайлы бөлуге мүмкіндік береді.

Санақты аудандастыру принциптері:

- барлық санақ объектілерін толық қамту және учаскелердің қиылысуын болмау;
- көлікке қолжетімділікті және респонденттердің санын ескере отырып, интервьюерлер арасында жүктемені ұтымды бөлу;
- аралап шығуды маршруттаудың ыңғайлылығы үшін табиғи шекараларды (өзендер, жолдар, орман белдеулері) пайдалану;
- жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) және ауыл шаруашылығы құралымдары үшін бөлек аудандастыру;
- онлайн-сауалнама жүргізгеннен кейін түзету мүмкіндігі бар аудандастыру икемділігі.

Аудандастыру негізінде учаскелердің мына түрлері қалыптастырылады:

- нұсқаушылық учаскелер (НУ) – бірнеше есеп (тіркеу) учаскесін қамтиды және оларды нұсқаушылар басқарады. Әдетте, 1 НУ 4 есеп немесе тіркеу учаскесінен тұрады;

НУ кемінде 4 есеп (тіркеу) учаскесінен тұрады. Есеп учаскелері келесі түрлерге бөлінеді:

- ЖҚШ арналған есеп учаскелері (ЕУ) – интервьюерлерге бекітілген аумақтар, ол санақтың негізгі кезеңінде аралап шығуды ұйымдастыру үшін елді мекеннің бір бөлігін, бірнеше елді мекенді немесе жеке үй шаруашылықтарын қамтуы мүмкін;
- ауыл шаруашылығы құралымдарына арналған есеп учаскелері (ЕУ) – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, шаруа және фермер қожалықтарын, сондай-ақ белгілі бір аумақта қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерді қамтиды.

Тіркеу учаскелері (ТУ) – есеп учаскелеріне ұқсас, бірақ алдын ала аралап шығуға (листингке) арналған.

Санақты аудандастыруды жүргізу кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі

- учаскелерді қалыптастыру үшін жүктеме нормаларын бекіту;
- респонденттер саны туралы деректерді жинау;
- күтілетін онлайн қатысу деңгейін ескере отырып, алдын ала аудандастыруды жүргізу;
- интервьюерлерге жүктемені анықтау (респонденттердің онлайн қатысуын ескере отырып – норманы 10-15%-ға ұлғайту);
- санақ персоналына алдын ала қажеттілікті анықтау.

2. Соңғы кезең

- онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша есеп учаскелерінің шекараларын түзету;
- интервьюерлер арасында учаскелерді түпкілікті бөлу;
- санақ объектілерін қамтудың толықтығын тексеру;
- картографиялық жоспарларды мен респонденттердің түпкілікті тізімдерін қалыптастыру;
- санақ персоналының түпкілікті тізімін айқындау және далалық жұмыстардың кестесін құру.

Елді мекендегі ЖҚШ санына, оның басқа елді мекендерден қашықтығына және басқа да маңызды факторларға байланысты интервьюерлерге жүктеменің орташа нормаларынан $\pm 10-20\%$ шегінде ауытқуға жол беріледі. Алайда мұндай ауытқулар өңірдегі интервьюерлердің еңбегіне ақы төлеуге бөлінген бюджет қаражатының белгіленген лимиті шегінде қалуы тиіс. Бұл ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жүктемені бөлуге икемді болуға мүмкіндік береді.

Санақты аудандастыруды дұрыс ұйымдастыру ресурстарды тиімді бөлуге, қателерді азайтуға және деректерді жинаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Санақта цифрлық құралдарды қолдану

2025 жылы ауыл шаруашылығы санағын ұйымдастыруда және өткізуде заманауи цифрлық технологиялар шешуші рөл атқарады. Оларды қолдану деректерді жинау, өңдеу және бақылау процестерін автоматтандыруға, мәліметтердің дәлдігін арттыруға, қателердің болу ықтималдығын азайтуға және есептілікті қалыптастыруды жеделдетуге мүмкіндік береді.

1) «Аудандастыру» автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) – санақ персоналын әкімшілендіруді, олардың жұмысына мониторинг жүргізуді және стандартты құжаттарды (еңбек шарттары, орындалған жұмыстар актілері) қалыптастыруды қамтамасыз ететін санақ процесін басқару жүйесі.

Функционалдық мүмкіндіктері:

- нұсқаушы және есеп (тіркеу) учаскелерін қалыптастыруды қамтитын санақты аудандастыруды жүргізу;
- интервьюерлерге тапсырмаларды (респонденттердің тізімдері) жүктеу және жиналған деректерді жүктеп алу (1 және 2-кезең);
- санақты мониторингтеу және бақылау модулі: деректерді жинау мәртебесі (онлайн және мобильді сауалнама), интервьюерлердің жұмысын талдау;
- бақылап аралап шығу үшін объектілер тізімін қалыптастыру;
- проблемалар анықталған кезде процеске жедел араласу.

2) *sanaq.gov.kz* web-платформасы (CAWI) – респонденттердің санақ парақтарын онлайн форматта толтыруға арналған және ауыл шаруашылығы құралымдарына (АШК, ШФҚ, ДК) және жеке қосалқы шаруашылықтарға (ЖҚШ) санақтан қашықтан өтуге мүмкіндік береді.

Негізгі мүмкіндіктері:

- арифметикалық-логикалық қателерді автоматты түрде тексеру;
- сауалнама аяқталмаған кезде енгізілген ақпаратты сақтау, 2025 жылғы 31 тамызға дейін кез келген уақытта жалғастыру мүмкіндігімен;
- сауалнама сәтті аяқталғаннан кейін санақтан өткені туралы хабарлама қалыптастыру;
- онлайн-сауалнама кезеңі аяқталғанға дейін енгізілген деректерді түзету мүмкіндігі.

3) *Интервьюерлерге арналған мобильді қосымша (CAPI)* санақ персоналының жұмысының ыңғайлылығы мен жеделдігін қамтамасыз ете отырып, планшеттік құрылғыларды қолданумен дала жағдайында деректерді жинау үшін қолданылады:

- пайдаланушыны аутентификацлау және интервьюер үшін тапсырманы жүктеу (1 және 2-кезең);
- деректердің дұрыстығын форматты-логикалық бақылаумен санақ парақтарын толтыру;
- интервьюердің есептілігін қалыптастыру;
- қорғалған байланыс арналары арқылы «Аудандастыру» АЖО-ға деректерді жүктеп алу;
- онлайн санақтан өткен респонденттердің мәртебесін тексеру;
- интернетке қосылған кезде кейіннен синхрондаумен офлайн режимде жұмыс істеу.

4) *GPS-трекинг* аралап шығу кезінде интервьюерлердің жүрген жерін белгілеу үшін қолданылады. Маршруттардың орындалуын бақылауға және жиналған деректерді сол жерге дәл байланыстыруға мүмкіндік береді.

5) *Санақ барысын мониторинг*:

- Бюро және оның аумақтық бөлімшелері деңгейінде санақ динамикасын бақылау және мониторингілеу, өңірлік ауытқуларды анықтау және проблемаларға жедел ден қою;
- нұсқаушы деңгейінде – интервьюерлер жұмысының сапасын, анықталған қателер статистикасын, сауал салынған респонденттердің саны туралы мәліметтерді, жоспарлы көрсеткіштерден ауытқулардың болуын талдау.

6) *Деректерді тексеру және өңдеу модулі* деректерді тексеру және редакциялау модулі ауыл шаруашылығы санағы кезінде жиналған ақпараттың сапасын қамтамасыз ету құралы болып табылады. Бұл модуль қателерді азайтуға және қорытынды статистикалық ақпараттың анықтығын арттыруға мүмкіндік береді және мыналарды қамтиды:

1) деректерді қарау: *санақ парақтарынан деректерді автоматтандырылған жүктеу, енгізілген ақпараттың дұрыстығын тексеру, логикалық сәйкессіздіктер мен ықтимал қателерді анықтау;*

2) деректерді салыстырмалы талдау: *санақ ақпаратын ағымдағы статистикалық байқаулармен, әкімшілік деректермен, балама көздермен салыстыру (спутниктік мониторинг), ауытқуларды талдау және бастапқы және жиынтық ақпарат деңгейінде қалыптан тыс мәндерді анықтау;*

3) санақ парағын қайтару функциясы: *анықталған күмәнді жазбалар интервьюерге нақтылау үшін жіберіледі, интервьюерді нақтылау және түзетулер енгізу қажеттілігі туралы хабардар ету қамтамасыз етіледі; қажет болған жағдайда қосымша тексеруді талап ететін жазбалар, бақылап аралап шығу тізіміне енгізіледі;*

4) Деректерді редакциялау және импутациялау процедуралары: *жетіспейтін немесе дұрыс емес мәндерді ауыстыру.*

5) Редакциялаудан кейінгі сапаны бақылау: *түзетілген деректерді олардың сәйкестігін тексеру, енгізілген өзгерістер туралы есептерді қалыптастыру және түзету сапасын талдау.*

Деректер сапасы бойынша өкілеттіктері бар санақ бөлімі мен аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері деректерді терең талдау, редакциялау және импутациялау үшін тексеру модулін пайдаланады. Олар жиналған деректердің дұрыстығын бақылауға және анықталған сәйкессіздіктерді жоюға жауапты.

Бюро және оның аумақтық бөлімшелері деңгейінде – өңірлік ауытқуларды анықтау және проблемаларға жедел ден қою қамтамасыз етіледі. Нұсқаушы деңгейінде интервьюерлердің жұмыс сапасын талдау, анықталған қателер статистикасы, сұралған респонденттердің санын және жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуларды бақылау.

4. Сапаны бақылау және есеп беру

Бақылау жүйесі санақтың барлық кезеңдерін қамтиды – интервьюерлердің ақпаратты жинауынан бастап деректерді түпкілікті өңдеуге дейін. Негізгі мақсат – алынған мәліметтердің нақтылығын, толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз ету.

Сапаны бақылау принциптері:

- респонденттерді қамтудың толықтығы;
- енгізілген деректердің логикалық сәйкестігі мен дұрыстығы;
- қателерді жедел анықтау және түзету (деректерді жинау кезеңінде нақтылау арқылы);
- белгіленген әдіснамалық талаптарды сақтау.

Сапаны бақылау әдістері:

1) деректерді автоматтандырылған тексеру: мобильді қосымшадағы (CAPI) және веб-платформадағы (CAWI) кіріктірілген форматты-логикалық бақылау, аномальды мәндер мен логикалық сәйкессіздіктерді талдау, сауалнамалардың мәртебесін нақты уақытта онлайн мониторингтеу.

2) бастапқы деректерді нұсқаушының тексеруі: сауалнама жүргізілгеннен кейін барлық жазбалар қосымша тексеруден өтеді. Қателер және (немесе) типтік емес деректер анықталған кезде респонденттің жазбалары кейіннен нақтылау үшін интервьюерге қайтарылады;

3) бақылау айналымын жүргізу арқылы санақ учаскелерін іріктеп бақылау айналымдарын жүргізу.

4) интервьюерлер жұмысының мониторингтеу: сауалнама жүргізілген респонденттер санын белгіленген жүктеме нормаларымен салыстыру, интервьюерлердің өнімділігін талдау және жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуларды анықтау.

Қателер анықталған жағдайда интервьюерлер тез арада түзетулер енгізуге міндетті. Деректерді түпкілікті верификациялау санақ аяқталғанға дейін жүргізіледі.

3-тарау. Санақ персоналының функциялары мен міндеттері

1. Санақ персоналының міндеттері

Санақ персоналының құқықтары мен міндеттері қызметкерлердің бекітілген үлгілік лауазымдық нұсқаулықтары негізінде әзірленген олардың лауазымдық нұсқаулықтарында бекітілген.

Санақ бөлімі:

- санақ іс-шараларын үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын қоса алғанда, санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі жұмыс жоспарларын іске асырады;
- нұсқаушылар мен интервьюерлерді іріктеуге, жалдауға және оқытуға жауапты;
- барлық деңгейлерде санақ барысына мониторинг және бақылау жүргізеді;
- респонденттердің бас жиынтығын (тізімдерін) қалыптастырады;
- деректерді талдауды және тексеруді жүзеге асырады және олардың логикалық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Нұсқаушылар:

Нұсқаушы дайындық жұмыстарын уақтылы ұйымдастыруға, далалық жұмыстарды үйлестіруге, өз учаскесінде санақты уақтылы жүргізуге, алынған деректердің сапасы мен нұсқаушылық учаскесі шегінде санақпен толық қамтуға жауапты болады.

Нұсқаушы оқытудан, нұсқаудан және білімін тексеруден өтуге, сондай-ақ Санақ бөлімінің қызметкерінен немесе аумақтық бөлімше өкілінен қажетті әдіснамалық және нұсқаушы құралдар жинағын (қағаз және/немесе электрондық жеткізгіштерде), нұсқаушы және тіркеу учаскелерінің схемалық жоспарларын, қосымша материалдарды алуға міндетті.

Нұсқаушылардың негізгі міндеттері:

- 1) оның учаскесіне бекітілген интервьюерлермен шарттар қалыптастырады, оның учаскесіне бекітілгендерге оқыту және нұсқама жүргізеді, оларды респонденттердің тізімімен таныстырады, бірге аралап шығу арқылы (қажет болған жағдайда) есеп учаскелерінің шекараларын нақтылайды;
- 2) нұсқаушылық учаскенің барлық интервьюерлері санаққа кіріскенін тексереді. Интервьюерлердің біреуі шықпаған жағдайда болмау себебін анықтайды және қажет болған жағдайда оны резервтегі интервьюермен ауыстырады, қайта нұсқама жүргізеді және есеп учаскесінің шекарасымен таныстырады, резервте интервьюер болмаған жағдайда өзі алмастырады;
- 3) күнделікті интервьюерлердің жұмысын бақылайды, қателерді анықтайды (әсіресе санақтың алғашқы күндерінде), планшеттердің жұмыс істеп тұрғанын тексереді және қажет болған жағдайда планшеттің өзін немесе оның компоненттерін ауыстыруды ұйымдастырады;
- 4) интервьюерлерде туындайтын проблемаларды жедел жояды және Санақ бөліміне стандартты емес немесе жанжалды жағдайлар туралы хабарлайды;
- 5) интервьюерлерге консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсетеді;
- 6) картографиялық материалдармен және GPS-трекердің деректерімен салыстыру арқылы санақ учаскесінде респонденттердің қамтылуының толықтығын тексереді;
- 7) жиналған деректерді талдайды, қателерді анықтайды және қажет болған жағдайда ақпаратты нақтылау үшін интервьюерлерге санақ парақтарын қайтарады;
- 8) деректерде елеулі сәйкессіздіктер немесе дұрыс емес ақпарат анықталған кезде оларды жою жөнінде жедел шаралар қабылдайды, қателердің пайда болу себептерін талдайды және болашақта осындай жағдайлардың алдын алу үшін интервьюерге оның кемшіліктерін түсіндіреді;

9) ауырған немесе басқа да дәлелді себептер болған жағдайда интервьюерлерге жәрдем көрсетеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда интервьюерлерді ауыстыруды ұйымдастырады (мысалы, резервтен ауыстырғанға дейін олармен шарттар бұзылған жағдайда);

10) деректердің дұрыстығын тексеру үшін респонденттерді іріктемелі бақылап аралап шығады. Іріктеу күмәнді немесе типтік емес деректер мен тән қателерді анықтау негізінде іріктеп жүргізіледі. Бақылап аралап шығу кезінде санақ парақтарында қалып кеткен сұрақтар немесе дұрыс емес жауаптар бар-жоғын тексереді;

11) тиісті шаралар қабылдау үшін санақ бөліміне немесе Бюроның аумақтық бөлімшесіне схемалық жоспардағы анықталған кемшіліктер (көше атауларындағы қателер, ғимараттарды нөмірлеу, жету қиын объектілер) туралы баяндайды;

12) санақтан өтуге жататын респонденттер тізбесіне енгізілмеген респонденттер анықталған кезде оларды есепке алуды және оның деректерін санақ парақтарына енгізуді ұйымдастырады;

13) ақпараттың құпиялылық қағидаттарын сақтайды;

14) Санақ бөлімінен немесе Бюроның аумақтық бөлімшесінің өкілінен бейдж-куәлігін, санақ персоналына арналған нұсқаулық, мобильді қосымшаны және АЖО пайдаланушысының нұсқаулықтары, нұсқаушы және есеп учаскелерінің схемалық жоспары, кеңсе керек-жарақтары, санақ құралдары алады.

Интервьюерлер бекітілген есеп учаскелерінде санақты уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Интервьюерлер жұмысты бастамас бұрын санақтың әдіснамалық негіздерді, санақ парақтарын толтыру бойынша түсіндірмелерді және мобильді қосымшасы бар планшетті пайдалану бойынша нұсқаулықты қамтитын оқытудан өтуге міндетті, содан кейін білімдері тесеріледі.

Планшетке кіру және бұғаттаудан шығару үшін интервьюер «пайдаланушы аты» (логин) мен парольді пайдаланады, оны нұсқаушы планшетті берген кезде береді. Бағдарламалық жасақтамамен жұмыс Пайдаланушының түсіндірмесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Интервьюердің негізгі міндеттері:

респонденттердің тізімімен, өз учаскесінің шекараларымен танысу, қажет болған жағдайда нұсқаушымен бірлесіп аралап шығу (айналып өту) арқылы шекараларды нақтылау;

респонденттерге тікелей (жеке) бару арқылы сауалнама жүргізу, белгіленген әдіснамалық талаптарды сақтай отырып, алынған мәліметтерді планшетке енгізу;

өз есепті учаскесіндегі барлық респонденттерді толық есепке алу;

планшетте техникалық проблемалар туындаған кезде нұсқаушыға дереу хабарлау;

учаскеде тіркелмеген объектілер (тұрғын үйлер, шаруашылықтар) табылған жағдайда себебін анықтау, олардың деректерін планшетке енгізу және тиісті санақ парақтары бойынша сауалнама жүргізу қажет;

ауыл шаруашылығы құралымдарына қатысты сауалнаманы қатаң есеп учаскесіне бекітілген тізім бойынша жүргізу. Егер көрсетілген мекенжайда тізімде жоқ басқа ауыл шаруашылығы құралымдары болса, оған сауалнама жүргібеу, бұл туралы нұсқаушыға хабарлау;

бос немесе қараусыз қалған объектілерді анықтаған кезде планшетке тиісті жазба жүргізуге;

респонденттерге өзін таныстыру, интервьюердің бейдж-куәлігін көрсету, келу мақсатын нақты және қысқаша түсіндіру, келісім алу, сауалнама жүргізу;

9) сауалнама аяқталғаннан кейін респонденттерге санаққа қатысқаны туралы анықтама беру, оны санақ аяқталғанға дейін сақтау қажеттілігі туралы ескерту;

10) ақпараттың уақтылы синхрондалуын және жаңартылуын қамтамасыз ете отырып, жиналған деректерді «Аудандастыру» АЖО-ға белгіленген кезеңділікпен барлық қолжетімді байланыс арналары (мобильдік желі (қорғалған VPN-канал), USB-қосылу (кабель) ЖАО мекемелеріндегі МО БКО желісі арқылы бойынша беруді жүзеге асыру;

11) респондент болмаған кезде сауалнама жүргізу күні мен уақытын келісу үшін интервьюердің байланыс нөмірі көрсетілген ақпараттық хатты пошта жәшігінде қалдыру;

12) планшет ақаулы болған жағдайда қағаз санақ парақтарын қолданыңыз содан кейін ақаулық жойылғаннан кейін планшетке деректерді енгізіңіз ;

13) нұсқаушы санақ парағын қайтарған жағдайда деректерді нақтылау үшін респондентке қайта сауалнама жүргізу;

14) нұсқаушы белгілеген күні деректерді іріктеп тексеру үшін бақылап аралап шығуға қатысу;

15) нұсқаушыдан немесе аумақтық статистика бөлімшесінің өкілінен:

- интервьюерлердің бейдж-куәлігін,
- компоненттері (қорғаныш қабы, USB сымы, Powerbank портативті құрылғысы, Powerbank зарядтағышы) бар планшет,
- желбегей-манишка, бейсбол, портфель;
- мобильді қосымшаны пайдаланушы түсіндірмелері, санақ персоналына арналған нұсқаулық, есеп (тіркеу) учаскесінің схемалық жоспары, кеңсе керек-жарақтары, санақ құралдарын алу;

Жұмыс аяқталғаннан кейін планшетті, схемалық жоспарларды және құралдар жинағын нұсқаушыға тапсырыңыз.

16) берілген планшеттің және оның құрамдас бөліктерінің, санақ құралдарының және берілген материалдардың сақталуы мен техникалық жай-күйі үшін материалдық жауаптылықта болады.

2. Респонденттермен тиімді өзара іс-қимыл негіздері

Интервьюердің респонденттермен дұрыс құрылған қарым-қатынасы санақты сәтті жүргізудің негізі болып табылады.

Қорытынды нәтижелердің сапасы интервьюердің кәсібилігіне, жеке белсенділігі мен тәртібіне, санақ (есеп) учаскесінде ЖҚШ қамту толықтығына және санақ парақтарын толтырудың дәлдігіне байланысты. Әрбір қызметкер санақтың оң имиджін қалыптастырады.

Санақтың сәтті өтуі интервьюердің респондентті санаққа қатысу қажеттілігіне сендіру қабілетіне, санақ мақсаттарын нақты және қысқа түсіндіруіне, санақ құралдарын дұрыс пайдалануына және жауаптарды толтыру кезінде нұсқауларды сақтауына байланысты.

Интервьюерде тиісті жабдық болуы керек – интервьюердің сәйкестендіру атрибуты (желбегей-маниша, портфель, санақ логотиптері бар бейдж-куәлік). Ауа-райында киіну, ұқыпты және арандатушылық емес. Қымбат киім мен қымбат зергерлік бұйымдарды, сондай-ақ құнды заттар мен үлкен қолма-қол ақшаны киюге болмайды.

Өзімен бірге «Санаққа қатысу туралы анықтамалардың», «Ақпараттық хаттың» қажет қоры, нұсқаушының, учаскелік полицейдің немесе жақын мандағы полицияның тірек пунктінің байланыс нөмірлері бар жеке ұялы телефон (смартфон), фонарь, иттерді үркіткіш, блокнот/дәптер және қалам болуы керек.

Барлық түсіндірмелерді немесе туындаған қалыптан тыс жағдайларды блокнотқа немесе схемалық жоспарларға уақтылы енгізу қажет, кейінірек мұны «еске түсіру» қиынырақ болады.

Интервьюер ЖҚШ сауалнама жүргізу кезінде үй шаруашылығының (ЖҚШ) басшысынан немесе оның жұбайынан (зайыбынан) сұхбат алуы керек. Олар болмаған жағдайда, сұрақтарға егер толық ақпаратқа ие болса үй шаруашылығының басқа ересек мүшесі жауап бере алады.

Интервьюер респонденттер деректерінің қатаң құпиялылығын сақтауға, респонденттің жауаптарды таңдауына араласпауға немесе қалай жақсы жауап беру керектігі туралы кеңес беруге міндетті. Санақта «дұрыс» немесе «қате» жауаптар жоқ.

Респонденттермен қарым-қатынас жасау бойынша негізгі ұсынымдар:

- респонденттерге сауалнаманы жақсы жүргізуге және респонденттердің сұрақтарына жауап беруге сенімді болу үшін мұқият дайындалыңыз;

- өз уақытыңыз бен респонденттердің уақытын тиімді басқарыңыз, санақты аяқтауға уақытыңыз шектеулі екенін ұмытпаңыз;

- кездесуге алдын-ала дайындалыңыз, аралап шығу маршрутын зерттеңіз;

- бірінші танысқан кезде сенімді қарым-қатынас орнатуға қадам жасаңыз – үйге кірмес бұрын өзіңізді сыпайы түрде таныстырыңыз;

- өз мимикаңызды, қимылдарыңызды және дауыс ырғағыңызды бақылауда ұстаңыз, әңгімелесудің сәтті болуы осыларға байланысты;

- достық ниетпен анық, байыпты сөйлеңіз;

- арақашықтықты сақтаңыз, респонденттің жеке кеңістігіне кірмеңіз;

- бейдж куәлігін көрсетіңіз, респондентке оны қарауға мүмкіндік беріңіз, ұйымды (Статистика департаментінің _____ облысы бойынша) таныстырыңыз және санақтың мақсатын түсіндіріңіз. Егер респондентте күмән туындаса, жеке куәлігіңізді қосымша көрсетіңіз және интервьюердің аты-жөнінің түпнұсқалығын бейжде орналастырылған QR-кодты сканерлеу арқылы Web-платформада тексеруге болатынын хабарлаңыз;

- деректердің құпиялылығына кепілдік беріңіз және одан әрі жиналған деректер тек статистикалық мақсаттарда біріктірілген (жиынтық) түрде пайдаланылатынын түсіндіріңіз;

- егер сіздің келгеніңіз респондент үшін ыңғайсыздық тудырып жатса: сіз респонденттің сұрақтарға жауап бергісі келмейтінін білдіріп, нақты себептерді (жұмысқа кетеді, қонақтармен кездеседі, ауырып тұр, баланы тамақтандырады және т. б.) айтып жатқанын көрсетіңіз, Сіз кешірім сұрап, алда кездесу туралы келіскеніңіз жөн: «Мен _____ күні немесе сағат _____ сізге тағы бір рет келемін» деп, өзіңіздің байланыс деректеріңіз бар ақпараттық хат қалдырыңыз (кері байланыс үшін).

Сұхбаттасушыдан тағы бір рет келуге рұқсат сұрамаңыз, бұл оның жауабына тәуелді болуды жоққа шығарады. Егер респондент Сізбен одан әрі сөйлесуге құлқы жоқ болса немесе Сіздің сұрақтарыңызға жауап бергісі келмесе, оны әлі де көндіруге тырысқан жөн. Респонденттің мінез-құлқына қарамастан, Сіз өзіңізді сыпайы және мейірімді ұстауға міндеттісіз;

- сұрақтарды респондентке ыңғайлы қарқынды сақтай отырып, нақты тұжырымында және санақ парағының көрсетілген ретпен қою керек.

Респонденттерге сауал салу аяқталғаннан кейін, барлық пайдаланылған материалдарды (әсіресе планшетті, қорғаныш қапты, схемалық жоспарлар (карталар), телефон, блокнот, фонарь және басқа материалдарды) сөмкеге салыңыз, сондай-ақ үйде киім немесе жеке заттарды қалдырмаңыз. Есіңізде болсын, сіз бұл үйге қайта кіре алмауыңыз мүмкін.

Бас тартулармен жұмыс.

Көп жағдайда респонденттер санаққа оң көзқараспен қарайды және барлық сұрақтарға жауап береді. Бірақ кейбір респонденттер санаққа теріс көзқарас білдіріп, оның қажеттілігіне күмәндануы немесе қатысудан бас тартуы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Сондықтан кетуге және басқа күні (уақытта) қайта келуге дайын болыңыз.

Интервьюер мұндай жағдайларға дайын болуы және икемді тактикалық сендіру әдістерін қолдануы маңызды:

1) *Сауалнама жүргізілетін адамға қосымша ақпарат беріңіз:* сауалнама қанша уақытқа созылатынын хабарлаңыз, санақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіріңіз, мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін санақтың маңыздылығын, «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңына сәйкес қатысу міндеттілігін атап көрсетіңіз. Интервьюер респондентке ыңғайлы уақытта оралуы мүмкін екенін нақтылаңыз. Сенімділік пен ізгі ниетті көрсетіңіз, Сіздің өзіңізге деген сенімділігіңіз және санақтың пайдасы респонденттің сеніміне ықпал етеді және сұхбаттасушыны оң пікірлер мен ынтымақтастыққа ынталандырады.

2) *Икемді болыңыз:* уақытында кетуге және басқа уақытта оралуға дайын болыңыз, дауласпаңыз, егер респондент өзінің дұрыстығын дәлелдегісі келсе, әңгімені кейінірек жалғастыруды ұсыныңыз. Санақ сұрақтарын ұзақ талқылаудан аулақ болыңыз, санақ парақтарының сұрақтары мен жауаптарын ұзақ талқылауға қатысуға жол бермеңіз – уақыттың маңыздылығын еске түсіріңіз. Егер респондент агрессия танытса, әңгімені үзіп, кейінірек қайталап көрген дұрыс. Бас тарту немесе қауіп анық болғанға дейін кетуге тырысыңыз.

3) *Көңіліңізді түсірмеңіз:* Сіз басқа адамдарға жүгінген кезде Сіздің ренжігеніңіз бен сенімсіздігіңіз оларға байқалады. Бұл қосымша бас тартуға әкелуі мүмкін.

Қалыпты емес жағдайлардағы мінез-құлық: агрессивті, мас немесе адекватты емес адамдармен кездескенде, сауалнаманы дереу тоқтатып, кетіңіз.

Қайта келу және бас тартуды тіркеу.

Респонденттерге қайта бару санаққа қатысудың маңыздылығын түсінуге ықпал етуі мүмкін және респондентті оған қатысудың пайдасына сендіруге көмектеседі.

Мына жағдайларда қайта бару қажет:

- сіз респонденттің тіркелген жеріне бірінші рет барған кезде ешкім болмаған болса, респондентпен байланыс орнатуға және тиісті санақ парақтарын толтыруға

тырысу үшін әртүрлі уақытта (кем дегенде 12 сағат аралықпен) және әр түрлі күндері осы мекенжайға кемінде үш рет баруыңыз керек;

- қажетті мәліметтерді білетін үй шаруашылығының ересек мүшелері жоқ және сауалнама жүргізу мүмкін емес;

- респондент сұхбаттасуға уақыт бөле алмады;

- санаққа қатысудан бас тартқан жағдайда.

Есіңізде болсын, GPS координаттарды анықтау үшін үйге жақын жерде 15 м радиуста планшетте келу нәтижесін тіркеу және пошта жәшігінде немесе басқа жерде байланыс деректері бар хабарлама парағын орналастыру талап етіледі.

Респондент үзілді-кесілді бас тартқан жағдайда, осы фактіні жазып, нұсқаушыға хабарлаңыз, Сіздегі сәтсіздіктер туралы айтып, көмек сұраңыз. Қажет болса, полицияға (учаскелік полиция қызметкеріне) хабарлаңыз. Осы мекенжайға келесі рет нұсқаушымен немесе учаскелік инспектормен бірге келіңіз.

Сұхбатты аяқтау және анықтама беру.

Сауалнама аяқталғаннан кейін интервьюер жауаптардың толықтығына көз жеткізу немесе қалып қалған сұрақты қайталау үшін сұрақтарды толық қайта қарауы керек немесе жазбаның дұрыстығына күмән туындаған жағдайда жауапты қайталауды сұрауы керек. Бұдан әрі респондентке санаққа қатысқаны үшін алғыс айту, сауалнамадан өту фактісін растайтын Санаққа қатысу туралы анықтама беріледі.

Мынаны есте сақтаңыз:

- әрбір үй шаруашылығы есепке алынуы керек;

- интервьюердің міндеті - санақ парақтарының толық және сенімді толтырылуын қамтамасыз ету;

- санақтың қорытынды деректерінің сенімділігі Сіздің жұмысыңыздың сапасына байланысты.

Интервьюердің кәсібилігі, сыпайылығы және сауатты көзқарасы санақтың сәтті болуының кепілі!

3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Бастапқы статистикалық, әкімшілік, дербес деректермен және қызметтік пайдалануға арналған ақпаратпен (бұдан әрі – құпия деректер) жұмыс істеудің барлық кезеңдері ақпаратты қорғаудың белгіленген талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Санақ персоналының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттері:

1) уақытша және/немесе топтық парольдерді қоса алғанда, ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – АЖ) кіру кезінде деректердің құпиялылығын сақтау;

2) құпия деректерді өз құзыреті шегінде тек статистикалық мақсаттар үшін пайдалану;

3) пайда алу мақсатында құпия деректерді, сондай-ақ уақытша, жеке және топтық парольдерді үшінші тұлғаларға жария етпеу және бермеу (кез келген түрде);

4) үшінші тұлғалар құпия деректерді алуға тырысқан жағдайда бұл фактіні дереу тікелей немесе жоғары тұрған басшыға хабарлау;

5) құпия деректері бар қағаз жеткізгіштерді және электрондық статистикалық нысандарды, сондай-ақ көрсетілген деректерді қамтитын мәліметтерді электрондық және мобильді жеткізгіштерге көшіруге болмайды;

6) құпия деректерді қамтитын қағаз жеткізгіштерді және электрондық статистикалық нысандарды, ақпараттық ресурстарды фото/бейне түсірмеу;

7) қызметкерлердің құпия деректерді рұқсатсыз көшіруі мен таратуының белгілі жағдайларын және ақпараттық қауіпсіздіктің басқа да инциденттерін басшылыққа жеткізу;

8) ҚР Кәсіпкерлік кодексінің, «Мемлекеттік статистика туралы», «Дербес деректер туралы» Заңдардың талаптарын, сондай-ақ Бюроның ақпаратты қорғау мәселелерін регламенттейтін Ақпараттық қауіпсіздік саясатын орындау;

9) құпия деректерге рұқсат беру құқығы тоқтатылғаннан кейін, өзіне мәлім құпия деректерді (кез келген түрде) үшінші тұлғаларға жария етпеу және бермеу.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік: деректерді қорғау ережелерін сақтамау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және өзге де жауапкершілік шараларына әкеп соғуы мүмкін. Құпия деректермен жұмыс істейтін барлық қызметкерлер мен интервьюерлер өздеріне берілген деректердің сақталуы үшін өздерінің дербес жауапкершілігін сезінуге міндетті және ақпарат қауіпсіздігінің ықтимал қатерлеріне жедел ден қоюға міндетті.

4-тарау. Санақ парақтарын толтыру бойынша түсіндірмелер

1. 1-ААТ санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер

Планшеттегі мобильді қосымшалардағы санақ парақтарының титулдық бетінде нұсқаушылық және тіркеу учаскелерінің нөмірлері мекенжайлар тізілімі жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі.

I бөлімде санақ субъектісі туралы мәліметтер қамтылған.

Санақ субъектісі – жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары.

Жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі.

I бөлімнің 1 және 2-жолдары бойынша ЖҚШ орналасқан аумақтың коды және осы әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы көрсетіледі, олар «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің анықтамалығынан Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (*Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2021 жылғы 13 тамыздағы №297-НҚ бұйрығымен бекітілген, ҚР ҰК 11-2021*) сәйкес көрсетіледі.

Әкімшілік-аумақтық бірлік – әкімшілік-аумақтық құрылым жүйесінің құрамдас бөлігі (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс).

I бөлімнің 3-жолы бойынша «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінен Қазақстан Республикасы Көшелерінің анықтамалығына сәйкес көше типі (тұйық көше, өтпе жол, даңғыл, бульвар және т.б.) толтырылады.

I бөлімнің 4, 5, 6, 7-жолдарында мекенжайы, тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) нөмірі, пәтердің нөмірі (болған жағдайда) және мекенжайдың тіркеу коды көрсетіледі.

Мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерінің сипаттамасы (өңір, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөліктері, бастапқы жылжымайтын мүлік объектісі, қайталама жылжымайтын мүлік объектісі (бар болса)).

Тұрғын үй – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген техникалық, санитариялық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін жеке тұрғын үй (жеке-дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме).

Тұрғын үй (тұрғын жай) - негізінен тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан және ортақ мүлік болып табылатын өзге де бөліктерден тұратын құрылыс.

Мекенжайдың тіркеу коды – бұл жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайының бірегей коды, ол «Мекендай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде жасалады.

Егер қараусыз қалған немесе бос үй, жер учаскесі анықталса I бөлімнің 8-жолы толтырылады және одан әрі сауалнаманы аяқтау керек.

I бөлімнің 9-жолында сұрау салынатын кәметке толған адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) толтырылады.

I бөлімнің 10.1-жолында сұралған адамның жер учаскесінің құқық иесі болып табылатындығы белгіленеді.

Жер пайдалану құқығы – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы.

II бөлім санақ объектісі туралы мәліметтерді қамтиды.

Санақ объектілері – жер және егіс алаңдары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының саны; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары; мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын ұстауға арналған өндірістік құрылыстар мен үй-жайлар; ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлар болып табылады.

II бөлімнің 1-жолында 2024 жылғы 1 маусымға үй шаруашылығының жер учаскесінің жалпы алаңы көрсетіледі.

Егер жер учаскесінде 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілсе, II бөлімнің 2-жолы бойынша белгі қою қажет. Егер «ИӘ» деген жауап белгіленсе, онда бұдан әрі 2.1-жолда 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер егілген алаң шаршы метрмен (үтірден кейін бір таңба бар) көрсету қажет.

II бөлімнің 3-жолында 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша респондентте ауыл шаруашылығы жануарларының болуы не болмауы белгіленеді.

II бөлімнің 4-жолы ауыл шаруашылығы санағының алдын ала аралап шығу процесінде анықталған барлық ескертулер немесе өзгерістер (объектінің орналасқан жерінің сәйкес келмеуі, тұрғын үйлерге немесе учаскелерге кіру ерекшеліктері) үшін көзделген. Сондай-ақ, қызметкер деректердің мекенжай тіркелімімен сәйкес келмеуінің барлық жағдайларын белгілеуі керек: ЖКШ мекенжайы, жер учаскесінің алаңы, тұрғын үйдің болмауы, үй нөмірінің сәйкес келмеуі және т.б.

2. 2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер

2-АШК/ШФҚ санақ парағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа немесе фермер қожалықтарында, дара кәсіпкерлік субъектілерінде ауыл

шаруашылығы санағын жүргізуге арналған. Аралап шығатын респонденттердің тізімдері планшеттік компьютерлерде тиісті мобильді қосымшада көрсетіледі.

Титулдық бөлімде сауал салынатын респонденттің бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН) не жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсету қажет.

Санақ парағының бірінші парағында кәсіпорынның (шаруашылықтың) соңғы 12 айда экономикалық қызметтің қандай түрлерімен айналысқаны, негізгі және қосалқы қызмет түрлері ара-жігін ашып көрсетіледі. Экономикалық қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын кез келген басқа экономикалық қызмет түрінің қосылған құнынан асатын экономикалық қызмет түрі. Қосалқы қызмет түрі – негізгі қызмет түрінен басқа, үшінші тұлғалар үшін өнімдерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі.

I бөлімде жер кадастры және аумақтық жер комитеттері берген жер алаңдарын пайдалануға арналған актілер негізінде, сондай-ақ жер алқаптарын пайдалануға арналған жалдау шарттары негізінде жер ресурстары, суару әдістері мен көздері туралы ақпарат толтырылады.

I бөлімнің 1-сұрағында жер көлемі үтірден кейін екі таңбамен гектармен көрсетіледі. Кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің жалпы алаңын әкімшілік-аумақтық объектілер (ӘАОЖ) сыныптауышына және меншік нысандарына сәйкес жердің орналасқан орнының әрбір нақты аумағы бөлінісінде көрсету қажет:

- 1.1-жол меншік құқығындағы жердің алаңы;
- 1.2-жол уақытша жер пайдалану (жалдау) құқықтарында бекітілген жердің алаңы (жерді мемлекеттен 49 жылға жалға алу осы жол бойынша көрсетіледі);
- 1.3-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жердің алаңы (жалға берілгенді есепке алмағанда);
- 1.4-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жердің алаңы.

Шаруашылық жерлерінің жалпы алаңын (2.1-жол бойынша) ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша бөлінеді: егістік, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелер, шабындықтар, жайылымдар. Сондай-ақ барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңын бөлек бөліп көрсету қажет (2.1.2-жол).

«Жердің жалпы алаңы» жолы ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы емес алқаптардың жер учаскелерінен тұрады (2.1-жол=2.1.1-жол + 2.1.2-жол).

Ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жүйелі түрде қатысатын жер алқаптары және оларға: егістік, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелер, шабындықтар мен жайылымдар жатады (2.1.1-жол = 2.1.1.1-жол + 2.1.1.2+2.1.1.3+2.1.1.4+2.1.1.5-жолдар).

Егістік (2.1.1.1-жол) – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері, сондай-ақ сүрі жер. Алдын ала егілетін дақылдардың егістігі орналасқан (үш жылдан аспайтын уақыт аралығында), түбегейлі жақсарту мақсатында жыртылған шабындықтар мен жайылымдардың жер учаскелері, сондай-ақ егіске пайдаланылатын бақтардың қатар аралығы егістікке жатпайды.

Егістік алаңынан нақты суармалы жерлердің алаңын бөліп, 2.1.1-жол бойынша көрсету қажет. Суармалы жерлер – суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына ауыл шаруашылығында пайдалануға және суаруға жарамды, су ресурстары жүйесінің қазіргі пайдалы жұмыс коэффициентінде суару нормаларының жобалау немесе қолданыстағы нормативтері бойынша осы жерді сумен қамтудың қолайлы мерзімі

ішінде қамсыздандырудың кемінде 75 процентінен кем емес су ағынымен қамтамасыз ететін суару көзімен байланысты тұрақты және уақытша суару жүйесі бар жерлер.

Су тоқтататын жалдары, су реттегіш бөгеттері және осы учаскелер алқаптарына қар суы мен көктемгі тасыған суларды, сондай-ақ топырақтың ылғалдануы үшін суару немесе суландыру каналдарынан берілетін суларды тоқтататын және қайта бөлінуін қамтамасыз ететін басқа да гидротехникалық құрылғылары бар жер учаскелері көл табанды суару жерлері болып табылады.

2.1.1.2-жол бойынша егістік алаңынан бөліп, сүрі жерлердің алаңы көрсетіледі. Егіншіліктегі сүрі жер – бір жаз бойы егін егілмей қалдырылатын жыртылған алқап. Сүрі жерлерді қалдыру мақсаты – келесі егіс үшін жерді мұқият игеру мүмкіндігі.

Тыңайған жер (2.1.1.2-жол) – бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және сүрі жерге әзірленбеген жер учаскесі.

Көп жылдық екпелер (2.1.1.3-жол) — жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінің түсімін алуға, сондай-ақ аумақты сәндеп безендіруге арналып қолдан отырғызылған көп жылдық ағаш, бұта екпелеріне пайдаланылатын жер учаскелері.

Көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәнді және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар.

Табиғи шабындықтар (2.1.1.4-жол) – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері.

Жайылымдар (2.1.1.5-жол) – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаяу үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаяу кезінде жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемішөп қажеттілігінен асатын жағдайларда жемішөп дайындау мақсатында шөп шабуға жол беріледі.

Ауыл шаруашылығы емес жерлерге (2.1.2-жол) арнайы мелиорациялық іс - шаралар (құрғату, суару) жүргізілмеген ауыл шаруашылығы өндірісі үшін пайдалануға болмайтын жер алаңдары, сондай-ақ жер алаңдары - ормандар, бұталар, су астындағы жерлер (өзендер, көлдер), жолдар мен сүлелер астындағы жерлер, құрылыстар, көшелер, алаңдары мен аулалары, құмдар, ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамсыз өзге де жерлер (таулардың беткейлері, жыралар, тасты топырақтар, зиянды сортаңдар және басқалар) астындағы жерлер жатады. Бұл жолға шаруашылық ішілік жолдар, коммуникациялар, тұйық су айдындары, мелиоративтік жүйе, ауыл шаруашылығының жұмыс істеуі үшін қажетті құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерлер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы емес алқаптардың массивтеріне қиылысқан өзге де алқаптар енгізіледі.

Аквашаруашылық үшін пайдаланылатын жерлер (2.1.3-жол) (су қоры жерлері емес) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі аквашаруашылық объектілері суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер және көпжылдық екпелер алып жатқан жерлер жататын бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалана алмайды.

I бөлімнің 2-сұрағы 1-сұрақтың 2.1.1.1-жолы бойынша нақты суарылатын егістік алаңы бойынша деректер ұсынылған жағдайда толтырылады.

2-сұрақта шаруашылықта қолданылатын суару әдістері көрсетілуі тиіс: жаңбырлату, тамшылатып суару, спринклерлі суару, жаппай бастыра суару, атызбен суару.

Жаңбырлату әдісі (суару) – дақылдар учаскелері бойынша жаңбыр түрінде үлкен қысыммен суару.

Тамшылатып суару әдісі – өсімдікке су тамызу әдісімен немесе микро суару, сондай-ақ тұман күйін жасау арқылы дақылдарды суару.

Спринклерлі суару – бұл су ағынын кішкене тамшыларға бөлетін спринклерлер арқылы топырақ бетіне жоғарыдан таралатын әдіс. Су учаскеге беріледі және оған құбыр жүйесі арқылы таратылады, содан кейін бүріккіш бастар арқылы ауаға атқылап, топырақ бетіне түседі.

Жаппай бастыра суару негізінен күрішті суару үшін, жайылмалы суару және тұзданған топырақты шаю кезінде қолданылады. Көбінесе ол жоңышқа, жүгері және дәнді дақылдарды суару үшін қолданылады.

Атыз бойымен суару (атызбен суару) – өздігінен ағатын жер үсті суарудың ең жақсы тәсілі. Атыздар (егістер арасындағы су арналары) – егістер арасындағы су арналары арқылы су тарату.

I бөлімнің 3-сұрағында суару көздері көрсетілуі тиіс: жалпы суару жүйесінен, табиғи су айдындары (көлдер, өзендер, бұлақтар), су қоймасы (бассейн), жер асты бұлақтары (терең ұңғымалар), таяз құдықтар.

4-сұрақта ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарында уақытша жер пайдалану (жалға алу) және (немесе) Бірлескен қызмет туралы шарт құқықтарында пайдаланылатын жерлердегі егістерді қоса алғанда, 2025 жылғы егінге арналған егістердің нақты көлемі көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы респонденттердің мемлекеттік статистика органдарына «Егін егу қорытындылары туралы есеп» 4-сх статистикалық нысанын (жылына бір рет) ұсыну үшін жыл сайын пайдаланылатын бухгалтерлік құжаттардың негізінде толтырылады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы 4-сх нысанындағы деректерден 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша респонденттердің ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын нақтылауы себебінен (дақылдарды қайта егуді, ағымдағы жылғы егінге кеш дақылдардың нақты егістерін (мысалы, картопты жазғы отырғызуды) ескере отырып, жазғы кезеңде толық қураған жаздық және күздік дақылдар егістерінің нақты көлемін ескере отырып) жаздық және күздік дақылдар, сондай-ақ дақылдарды шаруашылық пайдалануды ескере отырып (астыққа, пішенге және т.б.) ерекшеленуі мүмкін.

2025 жылғы егін алаңдарының көлемін анықтау кезінде мынадай қағидаларды басшылыққа алған жөн.

1) жалпы егіс алаңына дақылдар түрлері бойынша мынадай егістер енгізіледі:

- 2025 жылғы 1 тамызда сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;

- 2025 жылғы 1 тамызда сақталған жаздық дақылдардың негізгі дақылдары (қайта егуді есептемегенде). Бұл ретте, шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жоспарларында қарастырылмаған уақытша далалық жолдар егіс алаңынан шығарылмайды.

2) жалпы егіс алаңына мыналар енгізілмейді:

- жасыл тыңайтқышқа өндірілген дақылдар (сидералды егістер);

- табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібінде оларды алдын ала жыртқаннан кейін отырғызылған көпжылдық шөптердің егістері (шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер).

Дақылдар бойынша олардың егістіктері, оның ішінде элиталық тұқымдармен (будандармен) егілген, I, II, III репродукциялы, III репродукциядан төмен жалпы алаң көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері мен сорттары бойынша егіс алқаптарында 2025 жылғы егінге арналған егістердің нақты көлемі (Бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша пайдаланылатын алқаптарды қоса алғанда) көрсетіледі.

Дәнді және майлы дақылдар бойынша элиталық (гибридті) тұқымдармен, I, II, III репродукциялармен, III репродукциядан төмен егілген егіс алқаптары бөлінеді.

Элиталық тұқымдар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түпнұсқа тұқымынан алынған және тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келеді.

Будан тұқымдар – генетикалық айырмашылығы бар аналық нысандарды будандастырудан алынған және гетерозис нәтижесінде шығымдылығы немесе өзге де көрсеткіштері бойынша ең үздік аналық нысаннан асып түсетін өсімдіктердің тұқымдары.

Тұқымдардың репродукциясы дегеніміз бірінші жылы элиталық тұқымды себуден есептелетін қайта себу тізбегі, бірінші жыл – бірінші репродукция, екінші жыл – екінші репродукция, үшінші жыл – үшінші репродукция, төртінші жыл – төртінші репродукция, бесінші жыл – бесінші репродукция, алтыншы жыл – жаппай репродукция.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша егіс алқаптарының көлемі туралы деректерді толтыру кезінде мыналарды басшылыққа алу қажет:

«Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар» тобында дәнді, бұршақты дақылдар мен толық піскен жүгерінің дәндерін алуға арналған егістер (жаздық қатты бидай, жаздық жұмсақ бидай, күздік қатты бидай, күздік жұмсақ бидай, жаздық қара бидай, күздік қара бидай, жаздық арпа, күздік арпа, сұлы, жүгері, күріш, тары, масақ қоспасы, қарақұмық, құмай және т.б.) есепке алынады.

«Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар» тобына сүттеніп-балауызданып піскен сатыда жиналатын жүгері егістері, сондай-ақ көк азыққа, пішенге, сүрлемге және жайылымға арналған дәнді дақылдар егістері кірмейді.

Құмай жүгері егістері, егер олар астық ретінде бастырылатын болса, онда олар дәнді дақылдар алаңында көрсетіледі; егер олар тек сыпырғы ретінде қолданылса, онда алаңдар басқа дәнді дақылдарға жатады.

Бұршақ дақылдары бойынша (астыққа арналған) дәнге арналған үрмебұршақ пен бұршақтың көкөніс сорттары егістері, асбұршақтың көкөніс сорттары (астыққа арналған) егістері есепке алынбайды.

«Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар» тобында пішенге, сүрлемге және өзге де жемшөп мақсаттарына арналған вики және вики қоспаларының, жемшөп бұршақтарының және басқа да дәнді дақылдардың егістері есепке алынбайды.

«Майлы дақылдар» тобына сүрлемге арналған күнбағыс егістері кірмейді.

Картоп бойынша картоп егістері көрсетіледі. Жазғы отырғызылған картоп егістері қалған картоп егістерімен бірге есепке алынуы тиіс (бұл егістер жеке бөлінбейді).

«Көкөніс дақылдары» тобында негізгі көкөніс дақылдарының егістері көрсетіледі – асханалық сәбіз, асханалық қызылша, басты пияз, пияз көшеті, сарымсақ, қызанақ, қияр, жасыл бұршақ, қырыққабат, жапырақты немесе басқа да сабақты көкөністер (рауғаш, қымыздық, аскөк, жапырақты ақжелкен), асқабақ, кәді, баялды, тәтті бұрыш. Негізгі көкөніс дақылдарының егістерімен қатар барлық басқа көкөніс дақылдарының егістері де кіреді: тамыржемісті, түйнек немесе басқа да баданалар - тамырлы балдыркөк, шомыр, шалғам, шалқан, ақжелкек, тамырлы

ақжелкен, ботташық; өзге де бұршақ дақылдары – піспеген бұршақ, үрмебұршақ және асбұршақ; өзге де жеміс-көкөніс дақылдары – асқабақ, кәді, патиссон, қант жүгерісі (физикалық салмақта) және өзгелері.

Бұл топта көкөніс дақылдарының тұқымдық егістерін көрсету керек.

Өнімі тұқым алу үшін толығымен дерлік пайдаланылатын бір жылдық көкөністер егістері (қияр, қызанақ, шалғам және т.б.) бір жылдық көкөністердің тұқымдығы ретінде есептеледі. Бір жылдық көкөністерді алаңның тұқымға ішінара (таңдамалы) пайдалану кезінде олар сәйкес дақыл бойынша көкөністер ретінде есепке алынады.

«Бақша дақылдары» тобында – жеке көрсеткішпен азық-түлік бақшасының егіс алаңдары есепке алынады. Оларға қарбыз бен қауын кіруі керек.

Техникалық және талшықты дақылдар бойынша майлы тұқымдар мен құрамында майы бар жемістердің, шикі мақтаның, темекінің, қант қызылшасының (фабрикалық), дәрілік дақылдардың, өзге де техникалық дақылдардың, қант қызылшасының аналық және тұқымдық егістері есепке алынады.

Қант қызылшасы (фабрикалық) бойынша өнімі қант және басқа да зауыттарда өңдеуге арналған қызылша егістері ғана есепке алынады.

Қоза бойынша сызықты отырғызылған тұт ағаштарының бойымен көлеңкелеу жолақтарын, жеке тұрған ағаштардың астындағы көлеңкелеу алаңын және т. б. қоса алғанда, қоза егісінің барлық нақты алаңы есепке алынады.

Медицинада және ветеринарияда емдік мақсатта қолданылатын дәрілік дақылдар бойынша ағымдағы жылғы егістер өткен жылдардағы егістермен бірге көрсетілуі тиіс.

Мал азығына арналған қант қызылшасы егістері жемшөп дақылдары тобында көрсетіледі.

Аналық қызылша егістері мен қант қызылшасының тұқымдық егістері техникалық дақылдар тобында бөлек көрсетіледі.

«Жемшөп дақылдарының, жемшөп өсімдіктерінің гүлдері мен тұқымдарының егіс алаңы және өзге де өсімдік шикізаты» тобында барлық жемшөп дақылдарының, гүлдердің егістері, тұқымға және өзге де өсімдік шикізатына қызылша мен жемшөп өсімдіктерінің егістері есепке алынады.

Жемшөп тамыр дақылдары бойынша мал азығы мен жемшөп тамыр дақылдарына қант қызылшасының дақылдары көрсетіледі. Жемшөп тамыр дақылдарының тұқымдығы мен аналығы бөлек көрсетіледі.

Бақша жемшөптері бойынша жемшөптік бақшалар (жемшөптік асқабақ, жемшөптік қарбыз және жемшөптік кәді) көрсетіледі.

Жемшөпке арналған жүгері бойынша сүрлемге, көк жемге, пішенге арналған жүгері егістері көрсетіледі.

Сүрлемге арналған (жүгерісіз) жемшөп дақылдары бойынша – күздік дақылдарсыз осы мақсатқа арналған дақылдар (күнбағыс, құмай, бұршақ, жемшөп бұршақтары және т.б.) жатады, сүрлемге арналған жүгеріден басқа, оның дақылдары жеке жолмен есепке алынады.

Жемшөп қырыққабаты, егер ол көрсетілген мақсатқа ие болса, сүрлемге арналған егістер қатарына жатады. Егер жемшөп қырыққабаты көк жемге арнап себілсе, онда ол өзге де бір жылдық шөптердің қатарында көрсетіледі.

Бір жылдық шөптер бойынша – пішенге, тұқымға, көк жемге, пішенге және сүрлемге себілген барлық біржылдық шөптер көрсетілуі керек.

Көпжылдық шөптер бойынша – ағымдағы жылғы жаздық егістің көпжылдық шөптерінің және шөп, тұқым, көк жем, пішен және сүрлемге арнап себілген өткен жылғы егістің көпжылдық шөптерінің шабу алаңының қосындысы ретінде бір жолда көрсетілуі тиіс.

5-сұрақта 2025 жылғы 1 тамыздағы АШӨСЖ сәйкес көпжылдық дақылдар алаңдарының көлемі (гектармен) көрсетіледі.

Егер шаруашылықта жеміс-жидек екпелерінің алаңдары болса, онда бұл қосымша агрономның «ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау туралы» № 29-сх статистикалық нысандарын (жылына бір рет) жасау үшін жыл сайын пайдаланылатын жеміс-жидек екпелерінің болуы туралы тиісті бастапқы құжаттарының, сондай-ақ бухгалтерлік есеп немесе алаңды өлшеу құжаттарының негізінде толтырылады (қажет болған жағдайда) мәдени ағаштар санын міндетті түрде санау шартымен екпелер астында

тұқымдық және тас жемісті екпелер мен жаңғақтар және екпелерді олардың жас құрамын анықтау үшін заттай тексеру.

Санақ жеке бақтардағы мәдени жеміс-жидек екпелеріне жатады.

Жабайы жеміс-жидек екпелері, олардың екпелері болса да, жеке бақтағы мәдени екпелермен қатар, сондай-ақ қорғаныш орман екпелеріндегі мәдени жеміс ағаштары санаққа жатпайды.

Бақшаны отырғызудың агротехникалық шарттарын сақтай отырып құрылған жаңғақ екпелерінің плантациялары санаққа жатады.

Егер жаңғақ плантациялары орман дақылдары сияқты орман типі бойынша құрылса және олардың негізгі мақсаты ағаш алу немесе саябақ мақсаттары болса, онда мұндай екпелер санаққа жатпайды.

Санақ жүргізу кезінде бақшаның жалпы алаңына толыққанды екпелері бар, сондай-ақ жөндеу мен қалпына келтіруді талап ететін барлық учаскелер алмасуға және енгізуге жатады.

Егер екпелер толығымен жойылған жағдайда, бақтың жалпы алаңына енгізілмейді және құжаттама бойынша есептелген жеміс-жидек екпелері санаққа жатпайды.

Белгіленген тәртіппен есептен шығарылған бақтар есепке алынбайды.

Барлық басқа бақтар, олардың сиреу дәрежесіне қарамастан, жалпы негізде санаққа жатады.

Ағаштардың саны дана түрінде тек АШӨСЖ 01.24 «Дәнді және сүйекті жемістер» және 01.25.3 «Жаңғақтар (жеуге жарамды жабайы жаңғақтардан, жер жаңғақтарынан және кокос жаңғақтарынан басқа)» жолдары бойынша көрсетіледі. Қалған АШӨСЖ кодтары бойынша ағаштардың санына арналған баған қолжетімсіз, есеп тек олардың алатын аумағы бойынша жүргізіледі.

Мыналарды ескеру қажет:

- дәнді, сүйекті, жаңғақ жемісті ағаштар алғашқы жемістер пайда болғаннан кейінгі үшінші-төртінші жылы жеміс беретін жасқа енген болып саналады;

- жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшеттермен отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) – екінші жылы, жүзім – бесінші жылы;

- жеміс беретін жасқа жеткен екпелер санақтың алдындағы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, теңіз шырғаны екпелері бұталардың алаңы мен саны, бүлдірген (құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

1 сотық - 100 шаршы метр
10 сотық – 1000 шаршы метр
100 шаршы метр – 0,01 гектар

1 гектар - 100 сотық
1 гектар - 10000 шаршы метр
1000 шаршы метр - 0,1 гектар

Жеміс-жидек екпелерінің астындағы алаң өсімдіктердің санын 100 шаршы метрге отырғызудың шамамен алынған нормалары бойынша алаңға ауыстыру жолымен айқындалады (1-қосымша).

Қатарлап отырғызылған өсімдіктердің алаңын (шаршы метрмен) ауыстырғанда, қоса берілген 2 немесе 3-қосымшаларды пайдалану қажет.

Мысалы:

Шаруашылықта бақ бар. Шын мәнінде, бақта 50 алма және 40 алмұрт ағаштары бар. Қатарлап отырғызу: қатарлар арасындағы қашықтық-3,0 м, қатарлардағы қашықтық-2,0 м.

Бұл шаруашылық үшін 2-кестеге сәйкес 1 ағашқа 5,9 ш.м. немесе 100 ш. м. ағаштар саны 3-кестеге сәйкес 17 дана құрайды.

Жеміс екпелері алып жатқан алаңды анықтаймыз:

50*6=300 ш.м - алма екпелері (норма бойынша)

40*6=240 ш.м - алмұрт екпелері (норма бойынша)

Бақтың жалпы ауданы: 300 ш.м + 240 кв. м = 540 ш.м. құрайды.

1-кесте

Жемісті, жаңғақ жемісті және субтропикалық екпелер мен бұталарды отырғызудың шамамен алынған нормалары

Екпелер	Қашықтық (метрмен)		Өсімдіктер саны	
	Қатарлар арасындағы, м	қатарлардағы, м	1 га, дана	100 ш. м., дана
Ағаштардың көлемді ұшарбасын қалыптастыру кезінде тұқымдық телітушіге будандастырылған өскелең сортты алма ағашы	8	4	313	3
Ағаштардың көлемді ұшарбасын қалыптастыру кезінде өскелең телітушіге будандастырылған аласа сортты алма ағашы	7,0	3,5	408	4
Аласа өсетін телітушіге будандастырылған алма ағашы	5,0	2,5	800	8
Жалпақ пішін түрінде қалыптастыру кезінде аласа өсетін телітушіге будандастырылған алма ағашы	5,0	4,5	400-500	4-5
Тұқымдық өскелең телітушіге будандастырылған алмұрт	6	4	417	4
Айваға будандастырылған алмұрт	4	4	625	6
Айва	4	4	625	6
Өрік	8	6	208	2
Шабдалы	5	4	500	5
Алхоры	6	4	417	4
Шие	7,0	3,5	408	4
Бұта тәрізді шие	5	4	500	5

Ағаш тәрізді шие	6	4	417	4
Грек жаңғағы	10	8	125	1
Бадам	6	5	330	3
Фундук	6	5	330	3
Инжир	6	4	417	4
Анар	6	4	417	4
Қарақат	2,5	1,0	4000	40
Қарақат	2,5	1,0	4000	40
Жүзім	3,0	2,0-2,5	1300-1600	13-16

2-кесте

**Қатарлар мен қатардағы өсімдіктер арасындағы қашықтық
әртүрлі болған кезде жеміс-жидек екпелері өсімдіктері алып жатқан
алаңды шаршы метрмен шамамен есептеу**

Қатарлар арасындағы қашықтық, метрмен	Қатардағы өсімдіктер арасындағы қашықтық, метрмен															
	1,0	1,25	1,50	1,75	2,0	2,25	2,50	3,0	4,0	5,0	6,0	7,0	8,0	9,0	10,0	11,0
1,0	1	1,3	1,5	1,8	2	2,3	2,5	3,0	4,0	5,0	5,9	7,1	7,7	9,1	10	11,1
1,25	1,3	1,6	1,9	2,2	3	2,9	3,1	3,9	5,0	6,3	7,1	9,1	10,0	11,1	12,5	14,3
1,50	1,5	1,9	2,2	2,6	3	3,5	3,7	4,6	5,9	7,7	9,1	9,1	9,1	14,3	14,3	16,7
1,75	1,8	2,2	2,6	3,0	3	4,0	4,4	5,3	7,1	9,1	10,0	12,5	14,3	16,7	16,7	20,0
2,0	2	2,5	2,9	3,5	4	4,6	5,0	5,9	7,7	10,0	9,1	14,3	14,3	16,7	20,0	20,0
2,25	2,3	2,8	3,3	4,0	5	5,0	5,6	6,7	9,1	9,1	12,5	16,7	16,7	20,0	25,0	25,0
2,50	2,5	3,1	3,7	4,4	5	5,6	6,3	7,7	10,0	12,5	14,3	16,7	20,0	25,0	25,0	25,0
3,0	3,0	3,7	4,6	5,3	6	6,7	7,7	9,1	12,5	14,3	16,7	20,0	25,0	25,0	33,3	33,3
4,0	4	5,0	5,9	7,1	8	9,1	10,0	12,5	16,7	20,0	25,0	25,0	33,3	33,3	33,3	50
5,0	5	6,3	7,7	9,1	10	9,1	12,5	14,3	20,0	25,0	33,3	33,3	33,3	50,0	50	50
6,0	5,9	7,7	9,1	10,0	13	14,3	14,3	16,7	25,0	33,3	33,3	50,0	50,0	50,0	50	50
7,0	7,1	9,1	10,0	12,5	14	16,7	16,7	20,0	25,0	33,3	50,0	50,0	50,0	50,0	100	100
8,0	7,7	10,0	12,5	14,3	17	16,7	20,0	25,0	33,3	33,3	50,0	50,0	50,0	100,0	100	100
9,0	9,1	11,1	14,3	16,7	17	20,0	25,0	25,0	33,3	50,0	50,0	50,0	100,0	100,0	100	100
10,0	10	12,5	14,3	16,7	20	25,0	25,0	33,3	33,3	50,0	50,0	100,0	100,0	100,0	100	100
11,0	11,1	14,3	16,7	20,0	20	25,0	25,0	33,3	50,0	50,0	50,0	100,0	100,0	100,0	100	100

3-кесте

**Қатарлар мен қатардағы өсімдіктер арасындағы қашықтық
әртүрлі болған кезде 100 шаршы метрге жеміс-жидек екпелері
өсімдіктерінің саны**

Қатарлар арасындағы қашықтық, метрмен	Қатардағы өсімдіктер арасындағы қашықтық, метрмен															
	1,0	1,25	1,50	1,75	2,0	2,25	2,50	3,0	4,0	5,0	6,0	7,0	8,0	9,0	10,0	11,0
1,0	100	80	67	57	50	44	40	33	25	20	17	14	13	11	10	9
1,25	80	64	54	46	40	35	32	26	20	16	14	11	10	9	8	7
1,50	67	53	45	38	33	29	27	22	17	13	11	9	9	7	7	6
1,75	57	46	38	33	29	25	23	19	14	11	10	8	7	6	6	5
2,0	50	40	34	29	25	22	20	17	13	10	9	7	7	6	5	5
2,25	44	36	30	25	22	20	18	15	11	9	8	6	6	5	4	4
2,50	40	32	27	23	20	18	16	13	10	8	7	6	5	4	4	4
3,0	33	27	22	19	17	15	13	11	8	7	6	5	4	4	3	3
4,0	25	20	17	14	13	11	10	8	6	5	4	4	3	3	3	2
5,0	20	16	13	11	10	9	8	7	5	4	3	3	3	2	2	2
6,0	17	13	11	10	8	7	7	6	4	3	3	2	2	2	2	2
7,0	14	11	10	8	7	6	6	5	4	3	2	2	2	2	1	1

8,0	13	10	8	7	6	6	5	4	3	3	2	2	2	1	1	1
9,0	11	9	7	6	6	5	4	4	3	2	2	2	1	1	1	1
10,0	10	8	7	6	5	4	4	3	3	2	2	1	1	1	1	1
11,0	9	7	6	5	5	4	4	3	2	2	2	1	1	1	1	1

Бір учаскеде жүйесіз отырғызылған **аралас жеміс-жидек екпелері** болған кезде (мысалы, алма, шие және т.б.) екпелердің жалпы ауданы жоғарыдағы мысалдағыдай жеміс - жидек екпелерінің түрлеріне бөлінеді. Кейбір жағдайларда нақты тығыздықтың сәйкес келмеуіне байланысты жеміс-жидек екпелерінің жекелеген түрлері бойынша алаңдарды есептеу сомасы учаскенің жалпы алаңымен сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бұл айырмашылықты жеміс-жидек екпелерінің барлық түрлерінің екпелері астындағы есептелген алаңдарға пропорционалды түрде таратқан жөн.

*Дәл осындай **мысалды** алайық, тек бақтың нақты ауданы 600 шаршы метрді құрайды. Бұл жағдайда 600 шаршы метр аумақты бөлу келесідей жүзеге асырылады:*

1) Бақтың жалпы алаңындағы әртүрлі екпелердің үлесі анықталады:

$$\frac{50 \cdot 6}{300 + 240} = 55,6\% \text{ – алма екпелері;}$$

$$\frac{40 \cdot 6}{300 + 240} = 44,4\% \text{ – алмұрт екпелері.}$$

3) түрлері бойынша жеміс екпелері алып жатқан алаң анықталады:

$$\frac{600 \cdot 55,6}{100} = 333,6 \text{ кв.м – алма екпелері;}$$

$$\frac{600 \cdot 44,4}{100} = 266,4 \text{ кв.м – алмұрт екпелері.}$$

6-сұрақта жыл соңына дейін жоспарланғандарды қоса алғанда, барлық айналымдарды ескере отырып, барлық жылыжайлардың (қысқы, көктемгі) саны мен алаңы көрсетіледі.

Жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай.

7-сұрақта көкөністерді, жидек дақылдарын, саңырауқұлақтарды, гүлдерді отырғызатын жабық топырақты отырғызу алаңдары үтірден кейін бір таңбасы бар шаршы метрде көрсетіледі.

8-сұрақта 2025 жылғы егінге қолданылатын тыңайтқыштар мен 2025 жылғы егін үшін топырақ сапасын жақсартуға арналған құралдар көрсетіледі. 1-бағанда гектардағы ұрықтандырылған (өңделген) алаң көрсетіледі. 2-бағанда отандық өндіріс өнімі пайдаланылған жағдайда «✓» белгісі қойылады, 3-5-бағандарда енгізілген тыңайтқыштардың (құралдардың) жалпы мөлшерінен отандық өндіріс өнімі қандай пайыздық қатынаста пайдаланылғаны көрсетіледі.

Топырақ сапасын жақсартуға арналған құралдар мен тыңайтқыштардың түрлері:

- минералды тыңайтқыштар – құрамында өсімдікке қажетті қоректік заттар бар және топырақтың қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін енгізілетін химиялық қосылыстар;

- органикалық тыңайтқыштар – синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді, синтетикалық негіздегі өсімдіктердің өсуін реттеуіштермен

ынталандыру құралдарын пайдаланбай, жабайы өсімдіктерді жинауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

- органикалық-минералды тыңайтқыштар – органикалық заттардан тұратын және онымен байланысты химиялық немесе адсорбциялық - минералды қосылыстардан тұратын гуминді тыңайтқыштар (шымтезек, қоңыр көмір, лайлар, тақтатастар, қарашірік, құрамында азот, фосфор және калий бар минералды қосылыстармен өңделеді);

- био тыңайтқыштарға (немесе бактериялық тыңайтқыштарға) макронутриенттердің концентрациясын немесе биожетімділігін арттыру арқылы топырақ құнарлылығын арттыруға ықпал ететін микроорганизмдердің препараттары жатады;

- топырақты әктендіру – көптеген ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды артық қышқылдықты жою үшін топыраққа әк және басқа әк тыңайтқыштарын қосу арқылы қышқыл топырақты химиялық мелиорациялау әдісі;

- топырақты гипстендіру – топырақты сіңіру кешенінде натрийдің үлкен үлесі және гипстің көмегімен сілтілі реакциясы бар сортаң топырақтардың химиялық мелиорациясын қабылдау;

- басқа – тыңайтқыштардың тиімділігін арттыруға арналған биопрепараттар (биолип және т.б.).

8.1-сұрақта 2025 жылғы егінге пайдаланылатын өсімдіктерді қорғауға арналған құралдар көрсетіледі:

- пестицидтер – өсімдіктердің зиянкестерімен және сыртқы паразиттерімен, арамшөптермен, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің зиянкестерімен күресу үшін пайдаланылатын, жеміс-көкөніс өнімдерінің жалпы шығымдылығын арттыру үшін қолданылатын химиялық немесе биологиялық препараттар;

- гербицидтер – арамшөптерді жою үшін қолданылатын химиялық заттар;

- инсектицидтер - жәндіктер зиянкестерін жоюға бағытталған препараттар;

- фунгицидтер – әртүрлі дақылдардың ауруларымен күресуге арналған химиялық препараттар;

- родентицидтер – кеміргіштерді жоюға арналған препараттар тобының жалпы атауы;

- Аралас – бұл әртүрлі зиянкестер немесе өсімдік ауруларымен күресу үшін бірден аса белсенді ингредиентті қамтитын құралдар. Олар бір мезгілде бірнеше мақсатқа әсер ете алатындықтан, өңдеудің тиімділігін арттыру үшін жасалған, бұл бірнеше жеке препараттарды қолдану қажеттілігін азайтады.

9-сұрақта отандық не шетелдік орган сертификаттаған органикалық өнім өндіру, органикалық өнімді өсіру үшін пайдаланылатын алаңдар туралы мәліметтер көрсетіледі. Органикалық өнім өндіруді жүзеге асыратын немесе өтпелі кезең өнімдерін өндіру сатысында тұрған кәсіпорын толтырады.

Органикалық өсімдік шаруашылығы – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса алғанда, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді, синтетикалық негіздегі өсімдіктердің өсуін реттеуіштер мен стимуляторларын пайдаланбастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру.

9.2 кіші сұрақта органикалық өнім өндіру санаттары бойынша «✓» белгісі қойылады: отандық немесе шетелдік орган сертификаттаған өндіріс процесі және өтпелі кезең.

9.3 кіші сұрақта түрлері бойынша (дәнді, бұршақ, майлы дақылдар, көкөніс, бақша дақылдары, тамыр-жемісті және түйнекжемісті дақылдары) органикалық өнімді өсіру үшін пайдаланылатын алаң көрсетіледі.

10-сұрақта құрылыстар мен құрылысжайлардың (астық-тұқым сақтау қоймасы, көкөніс-картоп сақтау қоймасы, жеміс сақтау қоймасы, минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар және т.б.) болуы туралы ақпарат, олардың саны көрсетіледі, олардан жекеменшік немесе жалға

алынған үй-жайлар, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (тоннамен) бөлініп көрсетіледі.

Өсімдік шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін сақтауға арналған құрылыстардың сыйымдылығы өнімді сақтаудың агротехникалық және техникалық нормаларына сәйкес өндірістік алаңдарды, механикаландыру құралдарын толық пайдалану және жасанды орта құруды ескере отырып айқындалады.

Астық сақтау қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – астық сақтауға арналған мамандандырылған техникалық құрылысжай.

«Өзге де құрылыстар» мұнара мен траншеяларды қоса алғанда, сүрлем мен пішендеуге арналған құрылыстар; жерүсті үлгісіндегі көң сақтау қоймаларының барлық түрлері, көңнің физикалық жағдайына қарамастан (сұйық, жартылай сұйық, қатты) тазарту құрылыстарында және басқа да қоймаларда көңді сақтауға арналған жартылай көмілген ыдыстар; шөп сақтау қоймалары (шөпке арналған қоймалар мен шатырлар); астықты кептіруге арналған құрылыстар мен құрылысжайлар; жұмыртқа қоймалары; құс фабрикаларынан басқа; ауыл шаруашылығы жануарлары үшін жемшөпті сақтауға арналған үй-жайлар; дайын ауыл шаруашылығы өнімін сақтауға арналған басқа да құрылыстар туралы деректер көрсетіледі.

II бөлім егер кәсіпорын (шаруашылық) мал шаруашылығымен айналыспаса, толтырылмайды.

Егер ауыл шаруашылығы қызметі бірнеше аудандардың және (немесе) облыстардың/қалалардың аумағында жүзеге асырылса, онда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӨАОЖ) сәйкес әрбір аумақ бойынша мәліметтер жеке көрсетіледі, яғни деректер ауыл шаруашылығы жануарлары басының орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

II бөлімде «Мал шаруашылығы» 11-сұрақта кәсіпорынға (шаруашылыққа) меншік құқығымен бекітілген ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың орналасқан жеріне (мал шаруашылығы үй-жайларында, шалғайдағы жайылымдарда) қарамастан олардың басы туралы деректер ұсынылады, олардан жалға немесе пайдалануға алынған мал, құс, өзге де жануарлар бөлініп көрсетіледі. Ауыл шаруашылығы жануарлары басын мен құстардың санын 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша көрсетіледі және АШӨСЖ анықтамалығына сәйкес жыныстық-жас топтары бөлінісінде көрсету қажет.

2025 жылдың 1 тамызынан кейін сатылған, сойылған немесе өлген жануарлар қолда бар мал санына жазылуы керек. 2025 жылғы 1 тамыздан кейін туылған және/немесе сатып алынған жануарлар есепке алынбайды.

II бөлімнің 12-сұрағында кәсіпорында (шаруашылықта) қолданылатын ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау жүйелері (жайылымда жаю, қорада ұстау, қорада ұстау-жайылымда жаю, шалғай-жайылым) көрсетіледі.

Жайылымдық күтіп-бағу жануарлар үшін жыл бойы жемшөп алуға мүмкіндігі бар өңірлердегі шаруашылықтар үшін қолданылады.

Малды қорада ұстау кезінде механикаландырылған жұмыстарды қолдана отырып, күрделі құрылыстарда болады, онда барлық мал азығын қоректендіргіштерде алады және жазғы кезеңде мал жеңіл үлгідегі ғимараттары бар қораларға ауыстырылады. Ұстаудың бұл түрі жердің қатты жыртылуы, жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі бар өңірлердегі шаруашылықтарға, сондай-ақ бордақыланған малды ұстайтын шаруашылықтарға тән.

Қорада ұстау - жайылымда жаю климаттық жағдайлар жануарларды суық мезгілде жайылымдарда болғызбай, үй-жайларда (фермаларда) ұсталуы тиіс, ал жылы кезеңде – табиғи немесе жасанды жайылымдарда ұсталуы тиіс өңірлердегі шаруашылықтар үшін қолайлы.

Шалғай жайылым кезінде шаруашылық жануарларды әртүрлі маусымда пайдаланылатын табиғи жайылымдарда жаяуға мүмкіндік бере алады, бұл ретте жайылымдар елді мекендер мен тұрғын үй-өндірістік орталықтардан барынша алыс орналасқан.

II бөлімнің 13-сұрағында жануарларды ұстауға арналған қолданыстағы құрылыстар мен құрылысжайлар, олардың саны, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (мал орны, құс орны) көрсетіледі.

1 басқа алаңның нормасы (ш.м.): ірі қара мал мен жылқы 4-5, бұзау мен құлын 1,5-3, қой мен ешкі 0,5-2, шошқа 1-7.

14.2 сұрақта органикалық мал шаруашылығындағы мал саны (ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері және бас саны) көрсетіледі.

14.3-сұрақта органикалық мал шаруашылығындағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны көрсетіледі. Органикалық өнім өндіруді жүзеге асыратын немесе өтпелі кезеңдегі өнім өндіру сатысында тұрған кәсіпорын толтырады.

Органикалық мал шаруашылығы – мал өсірудің экстенсивті және табиғи әдістерін пайдалана отырып, жемшөптердің табиғи көздеріне толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайда ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру;

III бөлімде «Балық өсіру» 15-сұрақта егер ауыл шаруашылық кәсіпорны (шаруашылық) балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсіруді жүзеге асырса, «иә» жолына «✓» белгісі қойылады.

15.1-кіші сұрақта АШӨСЖ сәйкес өсірілетін балық түрлері көрсетілуі тиіс.

15.2-сұрақта балық өсірудің жобалық қуаты (жабдықтың техникалық паспорттарынан немесе шаруашылықтың жобалау-сметалық құжаттамасынан алынған деректер) жылына тоннамен көрсетіледі.

15.3-сұрақта кәсіпорында қолданылатын балық өсіру шаруашылығының түрлері (тоғанда, көлде тауарлы, тор қоршамада, сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған) белгіленеді.

Тоғанда балық өсіру шаруашылығы – балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын пайдалана отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі. Бұл типте балық шаруашылығы арнайы салынған немесе бейімделген тоғандарда тез өсетін балық түрлерін өсіреді.

Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы табиғи және жасанды су айдындарында шаруашылық-төмен құнды балықтарды аулау есебінен ихтифаунаны толық немесе ішінара ауыстыру арқылы балық және басқа да су жануарларын жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда өсірумен айналысады.

Тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы, мұнда шаруашылық балық және басқа да су жануарларын табиғи және жасанды су айдындарында орналасқан және оларды жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда ұстауға мүмкіндік беретін арнайы құрылғыларда (торларда) өсірумен айналысады.

Сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығы, мұнда шаруашылық сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған технологияны қолдана отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын жасанды өсіруге байланысты қызметті жүзеге асырады.

15.4-сұрақта шаруашылық балық өсіру кезінде отандық өндірістің жемін қолданатын-қолданбайтыны белгіленеді.

15.5-сұрақта шаруашылық отандық өндірістің балық өсіру материалын (құртшабақтар) қолданатынын көрсету керек.

IV бөлімде 16-сұрақта іс жүзінде пайдаланылуына және техникалық жай-күйіне қарамастан: жұмыс істейтін; жұмыс істемейтін, бірақ әлі баланстан шығарылмаған, жөндеуде тұрған отандық және импорттық өндірістің барлық типтегі

және маркалы ауыл шаруашылығы техникасы, машиналары мен жабдықтары көрсетіледі

V бөлімде «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу» 17-сұрақта өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін – дайындау ұйымдарына, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші кәсіпорындарға, сауда желісі және қоғамдық тамақтандыру желісі арқылы, экспортқа, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, делдалдарға, халыққа өткізу арналары белгіленеді.

VI бөлімде «Ауыл шаруашылық емес қызмет» 18-сұрақта кәсіпорын (шаруашылық) жүзеге асыратын, бірақ АШӨСЖ анықтамалығына сәйкес ауыл шаруашылығының құрамына кірмейтін қызмет түрлері (сүт, ет, жемістер мен көкөністерді, астықты өңдеу, теріні, жүнді өңдеу және басқалары) белгіленеді.

VII бөлімде «Инфрақұрылым» 19-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) астық сақтау қоймаларына, сою пункттері мен алаңдарына, ветеринариялық пункттерге, көтерме-тарату орталықтарына, көкөніс, жеміс-жидек қоймаларына, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына, минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймаларға 100 км радиуста қолжетімділігінің болуын белгілеу қажет.

VIII бөлімде кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу шарттары көрсетіледі.

20-сұрақта 2025 жылы кәсіпорынға (шаруашылыққа) үшінші тұлғалар ұсынған қызмет түрлері (топырақ дайындау, егу, жинау және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау жөніндегі қызмет, жануарларды күтіп-бағу және күту, ветеринариялық қызмет көрсету, қолдан ұрықтандыру, мамандардың консультациясы және басқалары) көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқаларына рұқсат етіледі.

21-сұрақта жаңа цифрлық технологияларды (мобильді немесе онлайн – қосымшалар, географиялық ақпараттық жүйелер, қоршаған ортаның жай-күйін мониторингілеу жүйелері, ауыл шаруашылығы объектілерін мониторингілеу үшін дрондар, пилотсыз ұшыру, GPS жүйелері және басқалары), аграрлық шаруашылықты басқаруда автоматтандыру құралдарын пайдалану туралы ақпарат көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқаларына рұқсат етіледі.

22-сұрақтың 1-бағанында кәсіпорынға (шаруашылыққа) кәсіпорын (шаруашылық) қызметінің барлық кезеңінде өнімділікті, су беру жөніндегі қызметтердің құнын арттыруға, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және т.б. мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар) беру фактісі, соңғы 12 айдағы 2-бағанда көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқаларына рұқсат етіледі.

23-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) соңғы 12 айда алған кредиттің нысаналы мақсаты мен кредит мерзімдері (қысқа мерзімді кредиттер, жер учаскелерін сатып алуға, техника, машиналар мен жабдықтар сатып алуға, жаңа өндірістік объектілер салуға және басқалары) көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған кредит ауыл шаруашылығы өндірісінің жұмыс істеуіне байланысты мақсаттарда алынған кредиттің кез келген түрін білдіреді.

24-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табылатындығы және қайсысының мүшесі екендігі (өндірістік, өткізуші, сервистік, өңдеуші және басқалары) көрсетіледі.

IX бөлімінің 25-сұрағында шаруашылық басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам – жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жасы, жынысы, білімі, жұмыс өтілі, біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

26-сұрақта еңбек шарттары мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар негізінде кәсіпорында (шаруашылықта) жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімдік саны туралы деректер (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соңғы 12 айдағы орташа) көрсетіледі. Қызметкерлердің тізімдік саны тұрақты негізде жұмыс істейтін және маусымдық қызметкерлерді бөле отырып көрсетілсін. Жұмыскерлердің орташа саны соңғы 12 айдағы (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) жұмыскерлер санын жинақтау және алынған соманы 12-ге бөлу жолымен айқындалады.

Сұрақта ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін тұрақты шаруашылық қызметкерлерінің жас құрамы бойынша тізімдік саны туралы деректер ұсынылады, сондай-ақ олардың ішінен әйелдер санын бөліп көрсету керек (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соңғы 12 айдағы орташа).

27-сұрақта бір тұрақты жұмыскердің жұмыс істеген адам-сағаттарының орташа саны көрсетіледі (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соңғы 12 айдағы орташа). Толық жұмыс уақыты (бес күндік, 246-248 жұмыс күні, бір күн – 8 сағат) кем дегенде 1980 сағат, адам-сағаттың толық жұмыс уақытына қатынасы төменде келтірілген:

1. ≤ 495 – толық жұмыс уақытының 25%-дан азы;
2. 496 – 990 – толық жұмыс уақытының 25%-дан 49%-ға дейін;
3. 991 – 1485 – толық жұмыс уақытының 50%-дан 74%-ға дейін;
4. 1486 – 1980 – толық жұмыс уақытының 75% -дан 99%-ға дейін;
5. ≥ 1981 – 1981 сағаттан артық.

Шетелдік еңбек мигранттары жұмысқа тартылған жағдайларда 2025 жылдың соңғы 12 айында **IX бөлімнің 28 және 28.1-сұрақтары** белгіленеді.

3. 3-ЖҚШ санақ парағын толтыру бойынша түсініктемелер

3-ЖҚШ санақ парағы жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарында ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған.

Қызметкер сауалнаманы ЕШ бойынша нұсқаушы ұсынған тізім бойынша қатаң түрде жүргізеді. Планшеттерде аралап шығу тізімдері тиісті бағдарламалық қосымшаларда көрсетіледі.

Санақ парағының титулдық бөлігінде нұсқаушы және санақ учаскелерінің нөмірлері көрсетіледі (нөмірді ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшесі береді) және планшеттік компьютерлердегі мобильді қосымшаға мекенжайлар тізілімі жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі. Сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы, учаскенің орналасқан жерінің мекенжайы, үйдің нөмірі немесе пәтердің нөмірі толтырылады.

I бөлім. Жер ресурстары

1-сұрақта үтірден кейін шаршы метрдегі бір таңбалы жер алаңы көрсетіледі. Жердің жалпы алаңында уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқықтарында

бекітілген және Бірлескен қызмет туралы шарт ескеріле отырып, үй шаруашылығының меншік құқығындағы жер алаңы көрсетіледі.

II бөлім. Өсімдік шаруашылығы


3-сұрақта Сіздің үй шаруашылығыңыз пайдаланатын жердің жалпы алаңы көрсетіледі. Оны ашық топырақ егіс алқабының, көпжылдық екпелердің, жылыжайлардың, көгалдардың, гүлдер мен сәндік екпелердің, шабындықтардың, жайылымдардың алаңдары және басқа да жерлердің түрлері бойынша бөлу қажет.

«Жердің жалпы алаңы» үй шаруашылығының пайдалануындағы жердің алаңын көрсетеді, құрылыстар мен шаруашылық пайдалану түрлері бойынша алаңдардың сомасы жалпы алаңға тең болуы тиіс (1-жол=1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол + 1.7-жол + 1.8-жол + 1.9-жол).

Үй шаруашылығының жер және егіс алаңын пайдалану түрлері бойынша алаңды және оның құрамдас бөліктерін анықтау 0,1-ге дейінгі дәлдікпен шаршы метрде есепке алынады.

1 гектар – 10000 шаршы метр.

Объектіні өлшеу техникасы (үй, контейнер, учаске), мысалы: бір қадамның ұзындығы шамамен 80 см немесе 0,8 м тең.



1.2-жол бойынша Егістік – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері, сондай-ақ сүрі жер. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін пайдаланылатынына немесе бұға дайындалғанына қарамастан, жер учаскесінің алаңы жазылады.

1.2.1-жол бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарында уақытша жер пайдалану (жалға алу) және (немесе) бірлескен қызмет туралы шарт құқықтарында пайдаланылатын жерлердегі егістерді қоса алғанда, 2025 жылғы егіске арналған егістердің нақты көлемі көрсетіледі.

2025 жылғы егін алқаптарының көлемін анықтау кезінде мынадай ережелерді басшылыққа алу керек.

1) жалпы егіс алаңына және дақылдар түрлері бойынша егістер мына енгізіледі:

- 2025 жылғы 1 тамызға сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;

- 2025 жылғы 1 тамызға сақталған жаздық дақылдардың негізгі егістері (қайта егуді есептемегенде).

2) жалпы егіс алаңына мыналар енгізілмейді:

- жасыл тыңайтқышқа отырғызылған егістер (сидералды егістер);

- табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібінде оларды алдын ала жыртқаннан кейін отырғызылған көпжылдық шөптердің егістері (шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер).

2025 жылғы 1 тамыздағы АШӨСШК сәйкес маусымдық және көпжылдық дақылдардың егіс алаңдары (үй жанындағы учаскеден тыс егістерді қоса алғанда) көрсетіледі.

1.2.2-жолы бойынша жылыжайлар (парниктер) – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай көрсетіледі.

1.3-жол бойынша 2025 жылғы 1 тамыздағы АШӨСШК сәйкес көпжылдық екпелер алаңының саны мен көлемі (шаршы метрмен) көрсетіледі.

Жауап беру кезінде мынаны ескеру қажет:

дәнді, сүйекті, жаңғақ тұқымдарының ағаштары алғашқы жемістері пайда болғаннан кейін үшінші-төртінші жылы, жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшет түрінде отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) - екінші жылы, жүзім-бесінші жылы жеміс беретін жасқа жетті деп есептеледі;

жеміс беретін жасқа жеткен екпелер алдыңғы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, шырғанақ екпелері алаңы мен бұталарының саны, бүлдірген (құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

1 сотық – 100 шаршы метр

1 гектар – 100 сотық

10 сотық – 1000 шаршы метр

1 гектар – 10000 шаршы метр

100 шаршы метр – 0,01 гектар

1000 шаршы метр – 0,1 гектар

1.4-жол бойынша құрылыстар, құрылысжайлар (жылыжайлар мен парниктерден басқа), жолдар астындағы жерлер – ауыл шаруашылығы өндірісі үшін пайдалануға болмайтын құрылыстардың, құрылысжайлар мен жолдардың алаңы жазылады, яғни құрылыстар, құрылысжайлар және т. б. астындағы жерлер.

1.5-жол бойынша көгалдарға, гүлдерге, сәндік екпелерге пайдаланылатын жер учаскелерінің алаңы жазылады.

Сәндік өсімдіктер – көгалдандыруда, тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарды безендіру үшін қолданылатын мәдени және жабайы өсімдіктер (ағаштар, бұталар, көпжылдық және біржылдық шөптер). Олар әдемі пішінімен, жапырақтары мен жемістерінің әртүрлі түсімен ерекшеленеді.

Көгалдар – шөптік өсімдіктерден қолдан жасалған жасанды жамылғымен жер учаскесі.

Гүлдер – ашық топырақта гүл егуге арналған алаңдар бойынша деректер көрсетіледі.

1.6-жолда Табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын тұрақты шөп жамылғысы бар ауыл шаруашылығы алқабы.

1.7-жолда Жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп қажеттілігінен асатын жағдайларда жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға жол беріледі;

1.9-жол бойынша өзге де жерлер - ауыл шаруашылығы емес алқаптар тыңайған жерлер мен басқа да жерлер қосылады.

4-сұрақта 2025 жылғы өнімге қолданылатын тыңайтқыштар, топырақ сапасын жақсартуға арналған құралдар көрсетіледі:

минералды тыңайтқыштар – құрамында өсімдікке қажетті қоректік заттар бар және топырақтың қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін енгізілетін химиялық қосылыстар;

органикалық тыңайтқыштар – синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді, синтетикалық негіздегі өсімдіктердің өсуін реттеуіштер мен ынталандыру құралдарын пайдаланбай, жабайы өсімдіктерді жинауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

органикалық-минералды тыңайтқыштар – органикалық заттардан тұратын және онымен байланысты химиялық немесе адсорбциялық - минералды қосылыстардан тұратын гуминді тыңайтқыштар (шымтезек, қоңыр көмір, лайлар, тақтатастар, қарашірік, құрамында азот, фосфор және калий бар минералды қосылыстармен өңделеді);

биотыңайтқыштарға (немесе бактериялық тыңайтқыштарға) макронутриенттердің концентрациясын немесе биожегімділігін арттыру арқылы топырақ құнарлылығын арттыруға ықпал ететін микроорганизмдердің препараттары жатады;

топырақты әкпендіру – топыраққа кальцит, доломит, әктас, қант өндірісінің қалдықтары, сөндірілген әк және т. б. әк тыңайтқыштарын қосу арқылы қышқыл топырақты химиялық мелиорациялау әдісі;

топырақты гипстеу - натрийді топырақтан шығарып, оны кальций катиондарымен алмастыру үшін қолданылады. Мелиорация процесінде натрийдің карбонатты тұздары жойылып, олар кальциймен алмасады, ал жиналған натрий сульфаты (Na_2SO_4) шаю арқылы жойылады.

5-сұрақта 2025 жылғы егінге пайдаланылған өсімдіктерді қорғау құралдары белгіленеді:

- пестицидтер – өсімдіктердің зиянкестерімен және сыртқы паразиттерімен, арамшөптермен, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің зиянкестерімен күресу үшін пайдаланылатын, жеміс-көкөніс өнімдерінің жалпы шығымдылығын арттыру үшін қолданылатын химиялық немесе биологиялық препараттар;

- гербицидтер – арамшөптерді жою үшін қолданылатын химиялық заттар;

- инсектицидтер - жәндіктер зиянкестерін жоюға бағытталған препараттар;

- фунгицидтер – әртүрлі дақылдардың ауруларымен күресуге арналған химиялық препараттар;

- родентицидтер – кеміргіштерді жоюға арналған препараттар тобының жалпы атауы. Құралдар зиянкестерге қарсы қолданылады, олар мәдени өсімдіктердің қалыпты өсуі мен дамуына кедергі келтіреді және қорларды бүлдіреді;

